

ПОЛИЦИЯ КҮНІ

82 АВТОКӨЛІК БЕРІЛДІ

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТУДЕ, ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТАТЫН ПОЛИЦИЯНЫҢ АТҚАРАТЫН МІНДЕТТЕРІ ӨТЕ АУҚЫМДЫ. ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖОЛЫН БӨГЕП, ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУДА, ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАУДА БҰҚАРАНЫҢ АРҚА СҮЙЕРІ ДЕ ОСЫ ПОЛИЦИЯ. МАУСЫМ АЙЫНЫҢ 23-І – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ, ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕ ӨКІЛДЕРІН ТӨЛ МЕРЕКЕЛЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАП, 82 АВТОКӨЛІКТІҢ КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ.




Салтанатты шараға келген облыс әкімі Амандық Баталов: «Құрметті полиция қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан полициясы күнімен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында: «Полицияның жұмысы қоғамның жіті назарында. Полиция ашық болуы тиіс. Бұл үшін халықпен тығыз байланыс қажет», - деп атап өткен болатын. «Халық сіздерді өз қорғаушысы ретінде көріп, қауіпсіздікте екенін сезінуі тиіс», - деген облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы, қылмыспен күресуде, қоғамдық тәртіпті сақтауда, қауіпсіздікті нығайтуда ұсақ-түйек деген болмайды дейді. Мұнда күн сайын қызметке түсетін әрбір полиция қызметкерлерінің

еңбегі маңызды. Азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі әрбір полицейдің жауапкершілігімен кәсібилігіне байланысты екенін айтты. Сондай-ақ, ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасы мемлекет қолдауының арқасында жылмажыл нығаюда. Соңғы екі жылдың ішінде жергілікті бюджеттен 31 миллиард теңге бөлініп, оның 4,5 миллиард теңгесі материалдық-техникалық базаны нығайтуға жұмсалды. Былтыр 607,6 миллион теңгеге 136 автокөлік алу жоспарланған болатын. Бүгін 82 көліктің кілтін табыстап отыр. «Сол арқылы облыстық полиция департаментін қызметтік автотранспортпен қамту ісі 98,7 пайызды құрайды», - деді өңір басшысы. Бұл бюджет қаржысына

алынған автокөліктердің кілті учаскелік инспекторларға, жол-патруль қызметі мен кезекші бөлімдердің басшыларына салтанатты түрде табысталды. Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының алдында қаз-қатар тұрған су жаңа автокөліктер енді қоғам тыныштығын сақтауда айрықша рөл атқаратын болады. Жалпы ішкі істер органдарына 177 тұрғын үй учаскелік инспекторларына беріліп, қажетті техникамен қамтамасыз етіліп келеді. 2020 жылдың соңына дейін тағы да 220 полиция бекеті салынып, жергілікті полиция қызметкерлерінің электронды хаттама толтыруына қажетті 860 бейнежетон, 954 планшет, 400 радиостанция алынады деп көзделуде. Бұдан бөлек, облыстың аудандары мен қалаларын

бейнебақылау камераларымен қамту ісі жалғасуда. Мәселен, Қапшағай қаласына 300, Каскелеңге 150, Панфилов ауданына 50 бейнекамера орнатылса, облыс орталығы Талдықорғанға 500, Балқашқа 5, Кегенге 5, Ұйғыр ауданына 5 бейнекамера орнатудың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып жатқанын айтып өтті өңір басшысы. Полиция қызметкерлерінің мерекесіне орай, Алматы облысы Ішкі Істер Департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Мұрат Ұрымханов қызмет атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің отбасы, балашағаларына құрмет көрсетті.

Айтақын МҰХАМАДИ



АРЫСТЫҚ АҒАЙЫНҒА КӨМЕК БЕРІЛУДЕ

Арыстағы жойқын жарылыс оқиғасынан соң, «Жетісу Арыспен бірге!» акциясы аясында Талдықорғанда гуманитарлық көмек көрсету пункті ашылды. Гуманитарлық көмекті қабылдау пункті шамамен бір ай көлемінде таңғы сағат 9-дан кешкі 21:00-ге дейін жұмыс істемек. Аталмыш акцияны ұйымдастырушылар Алматы облысының атынан Арыс қаласына үлкен керуен баратынын мәлімдеді.



«Зардап шеккен отандастарымызға қолдау көрсету мақсатында «Жетісу Арыспен бірге!» акциясын бастап отырмыз. Осы бір сын сағатта жұрт болып қолдау көрсетіп жібергеніміз дұрыс деп ойлаймын», - деген Алматы облысы азаматтық Альянсының директоры Елдар Сапаров қала тұрғындарын арыстық жұртшылыққа көмек қолын созуға шақырды.

Жалпы, зардап шеккен арыстықтарға беретін ең қажетті заттардың тізімі дайындалған. Олардың қатарында консервілер, дәнді дақылдар, макарон өнімдері, су және балаларға арналған киімдер, көрпе-жастықтар мен гигиеналық мақсатта тұтынуға арналған заттар бар. Айта кетсек, қабылдау пунктінің мекенжайы Талдықорған қаласы Қабылиса жырау көшесі, 127 үйде орналасқан.

Алматы облысы әкімдігінің бастамасымен өңірдегі мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік мекеме өкілдері Арыс тұрғындарына арнап өздерінің бір күндік еңбекақыларын аударуда.

Д. БЕЙБИТ



ЖАҢА МІНДЕТТЕР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БАҒЫТТАРЫ

ӨЛЕМНІҢДАМАҒАНОТЫЗ ЕЛІНІҢ САНАТЫНА ҚОСЫЛУ ШАРТЫНЫҢ БІРІ – «ЖАҢАҒАҒА ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. МӘДЕНИ ӨНІМДЕРІМІЗ РУХАНИ ҚҰРАЛ – АЛДЫМЕН КІТАП ТҮРІНДЕ ӨРКЕНДЕУІ ТИІС ЕКЕНІН АЙҚЫНДАЙ ТУСУ МАҚСАТЫНДА МАУСЫМ АЙЫНЫҢ 20 ЖҰЛДЫЗЫНДА «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» МАҚАЛАСЫ АЯСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАРАСАЙ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАҢА МІНДЕТТЕР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.

Конференцияға қатысушыларға «Нұр Отан» партиясы қолдауымен ашылған «Коворкинг» орталығының жұмыс барысы, Қарасай аудандық кітапханашыларының ұйымдастыруымен қойылған инсталляциялық кітап көрмелері таныстырылды.

Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Дүйсенова Гүлжан Әділханқызының алғы сөзімен ашылған шара Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Қалқабәева Гүлмира Мәлікқызының «Рухан жаңғыру – ұлттық құндылықтарды ұлықтау» тақырыбындағы баяндамасымен жалғасты.

Жиын барысында Аханова Алматы облыстық кітапханасының кітапханалардың дамуы және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі Салтанат Зекенқызы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша кітапханалық жобаларын жұртшылық назарына ұсынды. Өз кезегінде, Ұйғыр аудандық кітапханасының директоры Тұрсынова Аида Жапарқызы, Іле ауданы, Ақши ауылдық кітапханасының меңгерушісі Шамиева Бұлбұл Сайлаубекқызы, Қаратал аудандық кітапханасының директоры Сембекова Гулшат Нұрахметқызы да тақырыпқа сәйкес баяндама жасап, пікірлерімен бөлісті.

М.Д. ҚУАНДЫҚ,

С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының баспасөз хатшысы

Арыста болған жарылыстардан кейін белгілі кәсіпкер Марғұлан Сейсембай елімізде АЭС салуды балаға гранатаны ойнауға бергенмен теңеді. Себебі «Мемлекетте қауіп-қатерлердің алдын алатын жүйе жоқ» дейді.

АЭС ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУДЕ

Марғұлан СЕЙСЕМБАЙ, кәсіпкер:

«Менің білуім бойынша, бұл Арыс әскери қоймасында болған бірінші жарылыс емес. Елде қауіп-қатерлердің алдын алатын жүйе жоқ болғандықтан, АЭС құрылысы балаға гранатаны ойнауға бергенмен тең. Мен Қазақстандағы АЭС құрылысына мүлде қарсымын!»

Абзал ҚҰСПАН, заңгер:

«Бүгінгі күннің әңгімесі Арыс болса, «АЭС салуға қарсымын» сөзі ертеңгі ұранымызға айналу керек!»

Дәулет ТӨЛЕУТАЙҒЫ, экономист:

«Арыстағы жарылыс бізге Алланың берген белгісі деп білемін! Алла бетін аулақ қылсын, бірақ елде АЭС осылай жарылса, Чернобыльдің күнін кешерміз. Себебі біздің елдің төтенше жағдай департаменті, өрт сөндіру қызметі дайын емес. Маман жоқ. Арыстан кейін АЭС салу жайлы билік басындағыларда сөз қозғалмауы керек! Оны талқыға салатын референдум да керек емес!» - деп жазды экономист Instagram желісінде.

Stan.kz

ӨМІРГЕ ҮШЕМ КЕЛДІ

Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Б. Ысқақтың айтуынша, қазір өңірдегі демографиялық өсім жыл санап артуда. Оған дәлел – мына бір сүйінші хабар болмақ. Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында үшем өмірге келді.



Қызғалдақтай үш қызды өмірге әкелген ана Алматы қаласындағы көпсалалы клиникалық ауруханада босаған. Ана мен бала денсаулығын біраз уақыт бақылауда ұстаған алматылық ақ халаттылар оларды ауруханадан шығарды. Бүлдіршіндердің әкесі Таңатар Тұрғанбаев пен анасы Эльмира Өмірзақова үшемге Нұрай, Айдай, Шырай деп ат қойған.

Айта кетсек, биылғы жылы наурыз айында Талдықорғандағы облыстық перинаталдық орталықта үшем өмірге келіп және бір қуантқан болатын. Былтыр 40 мыңнан астам сәби дүние есігін ашса, олардың 366-сы егіз. Биылғы жылдың алғашқы 5 айында аймақта 16 мың 333 бала өмірге келіп, оның 135-і егіз, екеуі үшем болған.

Өз тілшіміз.

ҚАЛАЛЫҚ ПРОКУРАТУРАҒА ЖІБЕРІЛДІ

Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасында қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің проблемалық сұрақтарына арналған жиын өтті. Оның барысында Талдықорған полигонындағы бекітілмеген тариф салдарынан кәсіпкерлер арасында дау туды. Атап айтқанда, жергілікті кәсіпкерлер Талдықорған қаласындағы қалдықтарды орналастыру полигонын сенімді басқаруға алған «ADAL DAMU Capital» ЖШС қалдықтарды қабылдау қызметіне өздігінен тариф орнататынына шағымданды, деп хабарлайды облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.

«Біз бұл туралы бірінші мәрте айтып отырған жоқпыз. Байқағандарыңыздай мәселенің өзгеретін түрі жоқ. Қалдықтарды шығару мен жоюға бірыңғай тариф керек. Сонда барлығымыз бірдей жұмыс істей аламыз. Сондықтан Кәсіпкерлер палатасына мәселенің шешімі табылады деп жүгіндік», - деді тасымалдаушы компаниялардың өкілдері. Өңірлік Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлердің құқығын қорғау және өкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі бөлімнің басшысы Әділет Сұлтанбектің айтуынша, Экологиялық кодекске сәйкес жергілікті өкілдік орган коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару, көму мен жоюға тарифтерді бекітуі тиіс. Талдықорған полигонындағы тариф құнын қалалық өкілдік тарифтік жобаны ұсынған соң, мәслихат оны бекітуі тиіс.

Өз кезегінде «ADAL DAMU Capital» ЖШС

директоры Ерлан Дүйсебаевтың пікірінше, өкілдік 2017 жылдан бері қалдықтарды қабылдау қызметіне тарифтерді бекіту үрдісінің уақытын созып келеді. Компания қоқыс өңдейтін зауыт болғандықтан осы жылдың сәуір айында аталмыш мәселені бұқаралық ақпарат құралдарында көтерген болатын. Бекітілмеген тарифтің салдарынан зауыт шығындар көлемін есеп ала отырып тариф енгізуге мәжбүр және осы күнге дейін кәсіпорынның жоспарланған өндірістік қуаттылығына шыға алмай отыр.

Қазіргі таңда ЖШС тасымалдаушылардың ұсыныстарын ескеріп, әріптестік үшін қажетті жағдайлар жасауға дайын екенін айтты.

Талдықорған қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің өкілі Мейір Нұрғалиевтің айтуынша, қазіргі таңда тарифтік жоба әзірленіп, тіркеу үшін әділет басқармасына жіберілген. Өкілдіктің жоспарынша жаңа тариф шілде айының басында енгізіледі.

Алайда кәсіпкерлер шенділердің сөздеріне сенуден қалған. Себебі сәуір айының басында тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы Мадияр Нұрахметов «Хабар 24» телеарнасына берген сұхбатында тарифтің 2019 жылдың мамыр айында бекітілетінін хабарлаған.

Кәсіпкерлер мен өкілдік өкілдерінің қатысуымен болған жиынның қорытындысы бойынша Кәсіпкерлер палатасы қалалық мәслихатқа тарифті бекіту мәселесін үдетуді ұсынды. Сонымен бірге кәсіпкерлер шағымды тиісті шараларды қолға алу үшін қалалық прокуратураға жіберілді.

Ш. ХАМИТОВ.

По существующим сегодня в нашем обществе традиционным представлениям, проблема здоровья рассматривается, в основном, как проблема медицинская, и поэтому в качестве главной задачи у населения выступает лечение заболеваний, а не их профилактика, тогда как ВОЗ определяет понятие здоровья как разностороннее и многоуровневое – физическое, психическое, социальное.

«Формирование здорового образа жизни, реализация и защита прав гражданского населения, развитие их активности по пропаганде здорового образа жизни, уменьшение ущерба, причиняемого алкоголем, средствами, вызывающими зависимость и табакком» – одна из целей деятельности Общественного объединения «КОС КАНАТ ЖЕТИСУ», прописанная в Уставе.

С 22 мая 2019 сотрудники Объединения продолжили реализовывать широкомасштабный профилактический проект под девизом «Цени свое здоровье!» Основная цель проекта – через популяризацию здорового образа жизни и профилакти-

тику неинфекционных заболеваний, вызванных основными факторами риска (курение, злоупотребление алкоголем, нездоровое питание и недостаточная физическая активность), привлечь внимание граждан к собственному здоровью.

В целях профилактики жителям районов и городов предложено измерить показатели артериального давления, узнать уровень глюкозы в крови, вычислить индекс Кетле – величину, позволяющую оценить степень соответствия массы человека и его роста и тем самым косвенно оценить, является ли масса недостаточной, нормальной или избыточной. Все эти меры необходимы при профилактике сердечно-сосудистых заболеваний. Специалисты проводят индивидуальные консультации, анкетирование по факторам риска. У посетителей есть возможность получить информационные материалы и посмотреть тематические видеоролики. На сегодняшний день



«ЦЕНИ СВОЕ ЗДОРОВЬЕ!»

ЦЕННОСТЬ ЗДОРОВЬЯ ЧЕЛОВЕКА ОЧЕВИДНА И НЕ ТРЕБУЕТ СПЕЦИАЛЬНОГО НАУЧНОГО ОБОСНОВАНИЯ, ОДНАКО УСТАНОВКИ НАСЕЛЕНИЯ НА СОХРАНЕНИЕ ЗДОРОВЬЯ И ВЕДЕНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ, НЕ СООТВЕТСТВУЕТ НИ ЗНАНИЯМ ЛЮДЕЙ О ЗДОРОВЬЕ, НИ О ТЯЖЕСТИ ВОЗНИКАЮЩИХ У НИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ.

акции проведены Каратайском, Коксуском, Кербулакском районе и г.Текели до 30 сентября 2019 года профилактические мероприятия пройдут в остальных районах Алматинской области.

Успех в реализации проекта заключается в слаженности действий сотрудников НПО и медицинских учреждений. Особую благодарность за организацию мероприятий хочется выразить руководителям ЦРБ Каратайского, Коксуского, Кербулакского районов и города Текели, врачам терапевтам, врачам онкологам, эндокринологам, специалистам кабинета ЗОЖ, принявших участие в мероприятиях. Все вместе они смогли выпол-

нить самую главную задачу – участники проекта поняли, что инфаркт, инсульт, сахарный диабет, бронхологические и онкологические заболевания можно предотвратить за счет коррекции факторов риска и сохранить свое здоровье на долгие годы! Крепкого здоровья Вам, уважаемые доктор, и Вашим близким!

Проект реализуется в рамках государственного социального заказа при поддержке ГУ Управления здравоохранения Алматинской области.

ОО «КОС КАНАТ ЖЕТИСУ»



ПРОВЕЛИ КОНСУЛЬТАЦИИ ДЛЯ ГРАЖДАН

В областном центре Палата предпринимателей совместно с Управлением предпринимательства и индустриально-инновационного развития Алматинской области провела ярмарку банков второго уровня «BankDay».

Представители финансовых организаций проконсультировали и разъяснили гражданам и предпринимателям условия получения денежных средств для открытия, развития, расширения бизнеса.

В мероприятии приняли участие представители филиалов АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства», АО «Аграрно-кредитная корпорация», АО «КазАгроФинанс», Фонд «Даму», АО «Народный банк Казахстана», АО «Банк Центр Кредит», АО «ДБ Сбербанк», АО «Евразийский банк», АО «Нурбанк», АО «JysanBank», АО «Fortebank», АО «АТФ банк».

Как рассказал начальник отдела нефинансовой поддержки предпринимательства Палаты предпринимателей Алматинской области Ерлан Даткаев, на ярмарке консультации получили свыше 250 человек.

«Цель мероприятия – разъяснение жителям условий и механизма финансирования, участия в государственных программах. На площадке Палаты предпринимателей мы собрали 12 финансовых организаций, чтобы жители могли в одном месте ознакомиться с их предложениями и задать интересующие вопросы», – отметил Ерлан Даткаев.

По информации Региональной палаты предпринимателей, с начала года в рамках программы



«Енбек» 12 проектов были профинансированы через банки второго уровня в городах Талдыкорган и Текели. 114 выпускников обучающего проекта «Бастау» получили кредиты и гранты через Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства и кредитных товариществ региона.

Ш. ХАМИТОВ.

УЧЕНИКИ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ПОСЕТИЛИ ЮЖНУЮ КОРЕЮ. ПРОЕКТ ПО ОБМЕНУ УЧАЩИМИСЯ КАЗАХСТАН – ЮЖНАЯ КОРЕЯ ПОЗВОЛИЛ ЮНЫМ ПОЛИГЛОТАМ ПРОЙТИ ЛЕТНИЕ ЯЗЫКОВЫЕ КУРСЫ В СЕУЛЕ, СТАРШЕЙ ШКОЛЕ «ЧАНГДОНГ».

УЧЕБА ПО ОБМЕНУ – РЕАЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Недельные занятия были организованы по географии, английскому языку, музыке, по предметам естественно-математического цикла, а также таэквондо, в ходе которого ученики познакомились с историей и культурой корейского народа, подробно узнали о воспитательной работе школы, о сессиях по саморазвитию.

Одним из ярких событий поездки стала познавательная экскурсия во Дворец с интересным названием «Кёнбоккун», что в переводе с корейского означает «Дворец лучезарного счастья». Он считается крупнейшим из дворцовых комплексов Сеула, возведенных более 500 лет назад.

– Мне выпала уникальная возможность побывать на своей исторической Родине, познать культуру и историю Южной Кореи, увидеть, как обучаются корейские дети. В свою очередь мы рассказали им о нашей стране, о Казахстане, о сети Назарбаев Интеллектуальных школ. Поездка получилась очень плодотворной, ведь мы обрели новых друзей, расширили партнерские отношения, – рассказала о своих впечатлениях ученица 10 класса Юлия Цой.

Проект по обмену учащимися «Казахстан-Корея» реализуется на протяжении четырех лет. По словам заместителя директора по внешним связям Дианы Нурғалиевой ученики Талдыкорганского



НИШ корейский язык обучают с 2011 года. С 2018-2019 учебного года уроки корейского были введены в учебную программу для 10-ых классов, как обязательное изучение второго иностранного языка.

В этом году в целях возобновления двустороннего сотрудничества, изучения корейского языка и культуры в школе, обмена ученическими и педагогическими делегациями между Назарбаев Интеллектуальной школой города Талдыкорган и Центром образования при Посольстве Республики Корея был заключен Меморандум о сотрудничестве в области образования.

А. МУРАТКЫЗЫ.

Как сообщила пресс-служба областной палаты предпринимателей, три международных спортивных события по парашютному спорту состоятся в Алматинской области. Об этом на площадке Региональной службы коммуникаций сообщил руководитель Федерации экстремального спорта Алматинской области, член Комитета по туризму и спорту при Региональном совете Палаты предпринимателей Игорь Вишки. Также на пресс-конференции приняли участие тренер по парашютному спорту Игорь Коренский и пресс-секретарь Федерации экстремального спорта Алматинской области Наталья Нурланова.

Как отметили спикеры, в Алматинской области с 22 по 30 июня состоятся три масштабных международных спортивных мероприятия «Предчемпионат Азии», «Кубок Кабанбай Батыра» и «Этап Кубка Мира» по парашютному спорту на точность приземления, которые будут проводиться в живописных ущельях Джунгарского Алатау Алматинской области и в селе Екпенды Ескельдинского района.

«Нашей Федерации выпала огромная честь провести такие большие спортивные мероприятия в Казахстане. Это по сути фестиваль парашюта, который позволит повысить престиж нашего государства в данном виде спорта. В соревнованиях будут принимать участие более 130 участников из 22 стран СНГ, Европы и Азии. Среди которых лучшие спортсмены, неоднократные чемпионы мира, победители всемирных воздушных игр», – сказал глава Федерации экстремального спорта Алматинской области Игорь Вишки.

В частности, здесь в июне месяце пройдут предчемпионат Азии по парашютному спорту



СПОРТИВНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ ПО ПАРАШЮТНИЗМУ

на точность приземления, Кубок Кабанбай батыра, также Кубок Мира по парашютному спорту на точность приземления.

Организаторы уверены, что парашютный

спорт способствует развитию туризма в регионе, популяризации достопримечательностей и культуры казахского народа. Так как на соревнования приедут не только спортсмены, но и их близкие и болельщики.

няла Кубок мира по парашютному спорту на точность приземления.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

Осы бір мақаланы жазбас бұрын, неге екенін қайдам, Есенқұл Жақыпбектің: «Аға деп барсам ағам, ағаның көңілі көкте жүр. Бауыр деп барсам, бауырға, бауырғы оның көк темір» деген сөзі еске түскені бар. Бұл сөзді, қайран Есенқұл неге айтты екен деп те түсінік тілмейсіз: бәрі жаттық, бәрі анық. Аман-сәлемнен қалған қоғамның рухани азын-тозған міскін хәлі де дәл осылай болар ма еді, кім білді?! Әйтеуір, іні ағаға, аға тиісінше ініге ізет-құрметін – інжу сезімін жоғалтқан бүгінгі қоғамда көп адамның осы күйді кешкені де рас.

СӘЛЕМ



СӨЗДІҢ АНАСЫ

Бәлкім, Гете айтқандай, жер бетіне түскен әрбір нажағайдың жарқылының ақынның жүрегінен өтетіні рас па еді? Өйтпесе, дәл осы сезімді қазақтың тағы бір ғажайып ақыны Жүмекен Нәжімеденов қыл бұрауын келтіре жырлағандықтан еді, тәйірі. Есіңізге түссе, «Көк дарбаза алдындағы қарт» деген өлеңінде өткен-кеткеннің бәрінен сәлем күтетін қарияның бейнесі көз алдыңызға келуі тиіс. Ойлап көріңізші, жұрттың бәрін өзіндей аңқылдақ, өзіндей ақжайнақ көретін ауыл қазағының сәлемі қандай болуы керек еді? Оның қайтарымы ше?

Енді мың жүректің қылын шерткен Мұхаңнан, ақиық Мұқағалидан да бір лепес тыңдап көрелік. Бақсаңыз, ақиық ақынның да бір өлеңінде қоғамға кейіп: «Бағамын деп әркімнің қас-қабағын, Балам қабақ шытса да жасқанамын. Сәлемімді біреулер алмай кетсе, Екі иығым салбырап, пәс қаламын», – дейтіні бар. Тағы да ой түбіне кетесіз. Қазақ неге сонша осы бір жалғыз ауыз сөзге бір жұтым ауадай зәру болды екен деп ойлайсыз сосын.

Сөйтсек, «сәлем» сөзінің өзі Жаратушы жалғыз жаппар иеміз – Алланың үйреткен сөзі

берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарыңдар!» («Ниса» сүресі, 86-аят), – деп бұйырады.

Демек, сәлем – адамзатқа Алладан бұйырған мол ырызық деген сөз. Әрі біз келтіргендей мысал-дәйектің Құранда молынан кездесетінін көзі ашық оқырман білсе керек. Бәрінде де адамдар арасындағы ізет пен ілтипаттық қалыптың өзара бауырластырушы фактор екені түсіндіріледі. Ал қазақта: «Сәлем – сөздің анасы» деген аталы сөз бар. Біздіңше, осы бір адами құндылықтың шексіз сөздің анасына айналуының бастауында Жаратушының қасиеті жатса керек. Сол себепті де атам қазақ «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» деп өнеге етпеді ме?! Бұл да болса асыл дініміз Исламның дәстүрмен тіндесе, сіңісе түсіп, рухани жан дүниеміздің азығына айналғанының куәсі іспетті.

Ислам демекші, атақты Ислам ғұламасы, аңызға айналған тұлға Мәшһүр Жүсіптің: «Біздерге сәлем беру болды – сүннет, Пайғамбар сүннетін тұт, болсаң үмбет», – деп өсиет қалдыруының өзі тегін болмаса

керек.

Ол ол ма, арғы тарихқа үңілсеңіз де сәлем туралы үлгіге ұстын өтер дерек көп. Соның бірі – Жүсіп Баласағұн бабамыздан қалған сөз. Ол онда: «Сәлем жолы – есендіктен адамға, Сәлем бердің, саулық бердің – оларға. Игі тілек танытқанға мейірім, Аллаһ сыйлар деннің саулық, хайырын», – деп жырлайды.

Ғұлама мұнда сәлем берудің – жақыныға саулық, нақтырақ айтқанда дін амандық, тыныштық тілеу екенін, яғни сол тілекті қабыл етушінің тағы жалғыз Жаратушы екенін меңзейді. Бұдан шығатын қорытынды, адамдар арасында ізгіліктің қанат жаюы үшін де сәлем берудің қажеттігі расталады.

Осы ретте, «сәлем қалай берілу керек?» деген заңды сауалдың туындайтыны рас. Бұл ретте жасы кіші адамның өзінен үлкен кісіге

бірінші болып сәлем беретіні анық. Ал сосын дейміз? Бұл жайында үлкендеріміздің ұлық бір әдебі еске түседі осындайда. «Пәленшенің пәленше туысы ауырып қалыпты, соған амандасып қайталық» дейтін. Сіз ше, бұдан не түюге болады? Әрине, сырқат адамға сау кісі бірінші амандасу керектігін байқайсыз.

Оны айтамыз-ау, қазақтың сәлемге

қағып кетпегеніне тәубе деп отырған қарияны көресіз сосын.

Келесі бір жосынның жосығын атақты Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» байқауға болады. Онда қару-жарақ асынған адамның, тіпті сол адам мінген аттың өзінің ерекше құрметке лайықталғаны айтылады. Яғни, мұндай адамдарға қарапайым жұрт бірінші сәлем беруі тиіс. Мұны да сіз қазақтың көшпелі жаугершілік өмірде бұл өздерін қорғаушы сардар-сарбаздарға деген құрметінен туындаған қасиеті деп біліңіз.

Енді сәлем берудің әдебі туралы аз-кем тоқталып өтсек. Қазақтың байырғы түсінігі бойынша, қол беріп амандасудың да өз алабетен себебі бар. Өйткені, бұл қағидатты түсіну үшін екі адам қол алысып амандасқанда сол сәттегі адамның тұтас эмоциясы сөзбен қатар, тері арқылы да білінетінін еске алсаңыз жеткілікті. Яки, сіз оның өзіңізге деген көзқарасын жазбай танысыз деген сөз. Мысалы, қазақта «сылбыр амандасу» деген бар. Оның мәні – қолын жай ғана бос ұсынып, қарсы жағына мән бермей амандасуы дегенді білдіргені.

Осы себепті де үлкендеріміз қашанда қолды қысыңқырап, жанның жылуын өткізе отырып амандасындар дейтұғын. Егер, біреудің амандасқаны жақпаса «қайсыбіреудің баласы құсап амандаспандар, үсіген тауықтың аяғы сияқты сап-салқын» дейтін тағы...

P.S. Сәлем туралы ойды ой қозғағанда бүгінге де зер салып, ертеңіңмен алаң күй кешетінің бар. Кешегі өкелердің көршісінің өзімен жыл көрмеген туысындай төс қағыстырып амандасуы, әжелердің бала біткенді айналып-толғанып көзден сүйіп амандасуы, иә болмаса, аталардың қыздарының маңдайынан ғана иіскеп амандасуы бар ма бүгін?.. Есесіне, үлкен бе, кіші ме, айырғысыз беттен «шолп-шолп» еткізіп сүю бар. Міне, біздің әдебіміздің «сарқыты». Бары осы. Ал оған кім кінәлі еді?!

Қ. ӘБДІҒАПАР

Кеңес дәуірінде дінге тыйым салынды да, мұсылманша амандасу, кітаптардағы, кейбір өлең, ауыз әдебиетінің нұсқаларындағы «Алла» деген сөзді алып тастады. Соның ықпалымен қалалықтар «сәлеметсіз бе»-ге көшіп алды. Ал Қытайдағы қазақтар қытайша «ниң хау маның» қазақшасын қолданып «жақсымысыз» дейді. Қазір «Ассалаумағалейкүм!» деп те, «топ ортаға бір сәлем!» деп те амандаса береміз.

**Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ,
Қазақстанның халық жазушысы.**

Баяғыда, елу төртінші жылдың ерте көктемінде әкеміз жарықтық Ораза айт күні азаннан атына мінгестіріп алып, ақсақалдар жиналған жерге апарған. Мешіт жоқ. Қырық шақты қария көгалдағы текеметтерде отырады. «Сәлем бер аталарыңа. Ассалаумағалейкүм де. Даусыңды жөндеп шығар. Анықтап айт» дейтін әкеміз. Баршасының қолын аламыз. Әрқайсысына айтамыз, ассалаумағалейкүмді. Түс қайта әлгі аталардың кейбірі үйдің алдынан өтіп бара жатса: «Ассалаумағалейкүм деп айқайла», дейді, әкеміз. «Бағана айттым ғой». «Балам, сәлем көптік етпейді. Азаннан бері аталарың сені сағынып қалды ғой», – дейді, рахаттана күліп.

Мархабат БАЙҒҰТ, жазушы.

берік, әдепке жүйрік болғаны сонша, атты адамның жаяу адамға бірінші болып амандасуы міндеттелген. Атты адам дегенде, бүгінгі «темір тұлпарын» құйғыта келіп, сәлемнің сарқытын да татырмай одырандап өтер көп дөкейдің баласы еске түспей ме?! Басып-

– Қайдан келесің?
– Соттан келемін.

Мемлекетке қарыз екенін білмей жүргендердің бірі – Нұрболат Жаңабекұлы. Грант негізінде оқыған ол осымен үшінші рет сотқа шақырылған. Әу баста қаражат қайтару керегі жайлы білмеген екен. Бейхабар жүре берер ме еді, егер үйге соттан қағаз келмегенде... Ары қарай кейіпкер өзі әңгімелесін. – 2012 жылы мектеп бітірдім. Әу баста журналистикаға тапсырғым келген. Дегенмен шығармашылық емтиханға үлгермей қалған соң, басқа мамандық таңдауға тура келді. Осылайша, Тараз қаласындағы педагогикалық институтқа қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түстім. Тамыздың ортасында мемлекеттік грант иегерлерінің тізімі шықты. Бізге 10 грант бөлінген. Оның үшеуі – ауыл квотасымен, біреуі халықаралық олимпиада жүлдегері екен. Орыс тілін қоспағанда 82 ұпай жинап, еш жеңілдіксіз түстім. Оқу басталар шақта ешқандай келісімшарт туралы айтқан жоқ. Яғни, бакалаврдан соң міндетті түрде үш жыл мектепте қызмет етіп,



Жаһандық экономика қалалықтарға иек артады: 600 мегаполис әлемдік ЖІӨ-нің 60%-ін береді» деген болатын Президент.

ЖҮЙЕНІ ҚАНДАЙ КІНӘРАТЫ БАР?

Заң алдында бәрі бірдей. Ол жерде не жазылса, бұлжытпай орындалады. Бұған ешкімнің шүбәсі жоқ. Дегенмен оның орындалуында, жүйеде кемшілік көп. Солардың бірқатарын тізіп көрелік. • Ауыл квотасы ауылдық жерде оқығандардың қалада білім алуын жеңілдету үшін жүргізіледі. Яғни, қала мен ауыл баласы бір грантқа таласар болса, басым түседі. Бұл – ауыл мектебін бітіргенге берілетін стимул. Дегенмен осы басымдықты пайдасына шешуді көздейтін кейбір жандар аяқасты ауылға аттанады. Мемлекеттік грант негізінде оқу үшін қолдан келгенін жасайды. Демек, көздеген әу бастағы мақсат осыдан-ақ бұрмаланып тұр. Соңғы жылы ғана қатарға қосылатындар аз емес. • Жеңілдікпен оқуға түстіңіз делік. Сізге оқу орнының қызметкерлері сол кезде ескертуі тиіс. Яғни, егер сіз ауылдың мектебін бітірмегенде, грантқа түспес едіңіз. Мемлекеттік сізге осындай «сый» беріп отырғанын бірден айтуы тиіс. Артынша мұндай жеңілдіктің өтеуі жайлы сөз қозғалсын. 16-17 жастағы жеткіншектің заңды білмеуі мүмкін екенін ескеру қажет. Тіпті заңды біліп тұрса да, түсіндіру жұмыстары қатаң қадағалануы шарт. • Квота арқылы оқуға түскендер тек ауыл мектебінің түлектері ғана бола алады. Бәлкім, осы тұста өзгеріс қажет шығар. Айталық, қала мектебінің оқушысы мемлекеттік грантта оқып, болашақта үш жыл ауылда жұмыс істеуге келісетін болар?! Егер келісіп тұрса, оған неге жеңілдік бермеске? Әрі екеуара келісім жасалып, мынау секілді шиеленіс азая түсер? • Мемлекеттік грантпен оқып, бүгінде өтеуіне қатысты мәселені бас қатып жүргендер ауыл квотасын мүлдем алып тастау қажет дегенді айтып қалды. Тұрсынбек Башар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетін бітірген. Оқуға түсерде «ақыры ауылдың баласысың, ауыл квотасымен оқи бер» деген екен. «Жоғары оқу орнына кешенді тест тапсырып түстім. 76 балл жинадым. Тапсыратын кезде ауыл квотасы бар екенін айтты. Бар түсіндіргендері – ауылда оқығандарға берілетін жеңілдік. Негізі ауыл квотасына тапсырмай-ақ грант иегері болар едім. Өйткені ұпайым жетіп тұр. Бірақ ауылда оқығаным рас қой деп соған тапсырдым. Оқуға түстік. Оқыдық. Бітірер шақта келісімшарт берілді. Шынында ол құжат оқуға түспей жатып берілуі керек еді. Неге алдын ала айтпағанына таңбыз. Мәселен, өтеуім керекін сол кезде білгенде, гранттан бас тартар едім. Одан қайта бір жыл күтіп, келесі жылы қайта тапсырушы ем. Өйткені үш жылымды ауылда жоғалтқанша, бір жыл жүре тұрғаным жақсы. Келісімшартқа қол қоймайтынымызды айтқанда, ондай жағдайда диплом бермейміз деді. Содан амалсыз қол қойдық. Жұмыспен қамту орталығына барып, ауылдық жерден жұмыс іздейтініміз жайлы айттық. Бос орын жоқ екен. Ол анықтаманы Астанаға жібердік. Кейін қайта-қайта хабарласып, жұмыс бар-жоғын біліп тұратын болдық. Сонымен, арада үш жылға жуық уақыт өтті. Сөйтіп, 2018 жылдың қазанында ескерту хат келді. Бұл мәселенің соңы қалай болары өзіме де белгісіз», – дейді ол.

ГРАНТҚА ТҮСЕСІҢ, АУЫЛДА ЖҮРЕСІҢ

грантты өтеуіміз керекін білмедік. Бұл жайлы ескерту қағаз келгенде білдім. Біз бітіргелі де біраз уақыт болып қалды. Осы жылдың мамыр айында үш жыл толады. Бірнеше рет сотқа шақырды. Бүгінде қолымда келісімшарттың көшірмесі бар. Онда біздің қолымыз жоқ. Дегенмен Білім және ғылым министрлігі мен институт арасында келісімшарт жасалған екен. Тараптардың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. 2-бөлімнің 3-тармағының 10-тармақшасына сәйкес, институтты бітірген соң жұмысқа жіберілген білім беру ұйымдарында кемі үш жыл қызмет ету міндеттелген. Бірақ қызығы сол, оқу аяқтаған соң бізді еш жерге жібермеді. Жергілікті жұмыспен қамту орталығына барып, тіркелдім. Мені жекеменшік телеарнаға бағыттады. Сөйтіп сол жерде 2 жылдай жұмыс істедім. Кейін 2 млн 128 мың теңге көлемінде қаражатты қайтаруым керекі көрсетілген қағаз келді. Содан мәселенің мән-жайын білу үшін қаржы орталығына хабарластым. Сөйтсем, «сіз мемлекеттік мекемеде қызмет етіп жатқан жоқсыз» деп түсіндірді. Тіпті жұмыспен қамту бағдарламасы аясында орналасқанымызды алға тартсақ та, мәселе шешілмеді. Амалсыздан мемлекеттік мекемеге баспасөз хатшысы болып орналастым. Дегенмен алдыңғы қағаз қайта келді. Бұл жолы мемлекеттік білім беру мекемесінде жұмыс істеуім керекі, 1 млн 773 200 теңге көлемінде қарыз екенім көрсетілгені. Яғни, жұмысқа тұрмаған күндер есептеліпті. Менің жағдайымда ол уақыт 780 күн екен. Осылайша, алдыңғы сома тіптен көбейді. 14 және 22 қаңтарда сот болды. Ендігісі 18 ақпанға бекітілген. Егер сотқа бармасам, автоматты түрде жеңілген болып саналады екен. Бұл мәселенің екі шешімі ғана бар: ақшаны қайтару немесе білім мекемесіне жұмысқа орналасу. Үлкен көлемдегі қаражатты тауып беру оңай емес. Ал жалпы мемлекетке орналасу жағына келсек, әр өңірде белгіленген «ставка» бары жасырын емес. Соны беріп, білім беру мекемесіне тұруға болады. Бір мысал келтіре кетейін. Тараздың педагогикалық колледжін бітірген жиенім оқуын бітірген соң тұрмысқа шықты. Астанаға көшіп кетті. Оның ауылдағы үйіне бірнеше рет соттан қағаз келген. Туыстары қыз тұрмысқа шығып кетті деп мән бермеген. Ақыры сот шешімі шығып, қаражатты қайтарған болатын. Бәлкім, біраз жүгіріп, мәселені анықтағанда жағдай басқаша болар ма еді? Олар тынышы сол деп, төлеген еді. Негізі, біздің жақта жұмыс табу оңай. Бірақ бітірген шағымызда бос орын болмады. Содан, басқа мекемеге жұмысқа орна-

ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛҒАН СӨТТЕН-АҚ ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ ТҮГЕЛІ ДЕРЛІК «ҚАНША ЖИ-НАЙМЫН, ҚАЙТSEM ГРАНТҚА ТҮСЕМІН» ДЕГЕН ОЙДА ЖҮРЕДІ. «ҚАЛАЙДА 140 АЛАМЫН» ДЕГЕН СИЯҚТЫ СӨЗДЕРДІ ТӨСЕГІНІҢ БАС ЖАҒЫНА ЖАЗЫП ҚОЙЫП, КҮНДЕЛІКТІ ҚАЙТАЛАУДЫ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРАДЫ. БАС ҚАТЫРҒАНЫ – БАЛЛ ҒАНА. КЕЙБІРІ ҚАЛАДА ОҚИТЫН БАЛАСЫН БІР ЖЫЛҒА АУЫЛ МЕКТЕБІНЕ ЖІБЕРЕДІ. ОНДАҒЫ ОЙЫ – АУЫЛ КВОТАСЫ АРҚЫЛЫ ГРАНТҚА ІЛІКТІРУ. ДЕГЕНМЕН ОСЫ ЖЕҢІЛДІКПЕН ОҚУҒА ТҮСКЕНДЕРДІҢ ДЕНІ БҰЛ БАТПАН ҚҰЙРЫҚТЫҢ ҚАНДАЙ ЕКЕНІНЕН БЕЙХАБАР. НЕГІЗІ, ЕЛІМІЗДІҢ «БІЛІМ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНДА БАКАЛАВР БІТІРГЕН СОҢ АУЫЛДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ ҮШ ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ КЕРЕГІ АЙТЫЛҒАН. МҰНЫ БІЛМЕГЕН БІРТАЛАЙ АДАМ БҮГІНДЕ СОТТАСЫП ЖҮР. ТАЛҚЫҒА ТҮСЕТІН БҮГІНГІ ТАҚЫРЫП – ОСЫ.

ластық. Келісімшартта институттың жұмыс тауып беруге міндетті екені жазылған. Бірақ оқу орнымыз белгілі бір мекемеге жіберген жоқ. Үш жыл мерзім әлі өткен жоқ. Осыларды алға тартып отырмыз. Соттан жеңілсек, ендігіде жалақыдан ұсталып отырады. Жалпы алғанда мұндай мәселеге тап болған таныстарым көп. Басым бөлігі ақша төлемес үшін білім беру мекемелеріне жұмысқа орналасты. Білуімше, міндетті түрде бітірген мамандық бойынша қызмет ету керек деген талап жоқ деседі. Айталық, мектепке ұйымдастырушы болып орналасуға болады. Көпшілігі жұмыстарын тастап, сондай амалдар жасап жатыр. Яғни, бастысы, зейнетақы аударымы түсіп тұрса болғаны. Мектептен нотариуспен бекітілген бұйрықты көрсетсе, мәселе шешілетінге ұқсайды. Сол себепті, бүгінде жұмыс іздеп жатырмын. Қазір тәртіп басқа. Бұрынғыдай түйіндемені шығарып апару деген жоқ. Портал арқылы іске асады. Не болатынын көреміз.

нын кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін тиісінше үш жыл жұмысты өтеуге міндетті екені көрсетілген. Олар мемлекеттік грантты мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медицина ұйымдарында, ветеринария саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінде не ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік ветеринария ұйымдарында өтеуі тиіс. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түскен азаматтар оқуын бітіргеннен кейін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында немесе ғылыми ұйымдарда кемінде үш жыл өтеуге міндетті. Осы тармақта аталған адамдардың жұмысты өтеу жөніндегі міндеттерін орындауына немесе жұмысты өтемеген жағдайда бюджет қаражатының шығындарын өтеуіне мониторингті және олардың сақталуына бақылауды қамтамасыз ету білім беру саласындағы уәкілетті органның операторына жүктеледі. Қазіргі таңда операторлық қызметін «Қаржы орталығы» АҚ атқарып отыр.

актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше ескертілмесе, барлық нормативтік құқықтық актілер тікелей қолданылады. Сондай-ақ қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану үшін қандай да болсын қосымша нұсқаулар талап етілмейді. Яғни, заңның күші келісімшарттан биік тұрады.

АУЫЛҒА АСЫҚ ҚЫЛСАҚ ПА, ҚАЛАҒА ҚУСАҚ ПА?

Мемлекет басшысы осы жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Бірқатар тапсырмалар берді. Жастарға жағдай жасаудың жо-спары құрылды, картасы бекітілді. Елбасы сөзінде ауыл жастарының үлесі көп екенін, оларды қалаға тарту қажет екенін тілге тиек етті. Яғни, «Урбанизация процесінің қарқынды жүріп жатқанына қарамастан, ауыл жастарының үлесі әлі де жоғары – 43 процент. 2018 жылдың 11 айы ішінде ауылдан қалаға көшкен жастардың саны 222 мыңнан асты. Сондықтан Үкімет пен әкімдіктер олардың білім алу, жұмысқа орналасу, демалыс және басқа мәселелерін жүйелі шешуге күш жұмылдыруы тиіс» деген еді. Дегенмен артынша «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында инфрақұрылымды дамытып, жергілікті жерлердің кадрлық әлеуетін күшейту керекін айтып өтті. «Осыған орай «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына енгізілетін мамандықтардың тізімін кеңейтуді ұсынамын. Көшіп барғаны үшін төленетін жәрдемақы мөлшерін 70-тен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін арттырған жөн. Сондай-ақ жастарды ауыл шаруашылығымен айналысуға қызықтыра білу қажет. Дамыған елдерде бұл бағыт жоғары өнімді әрі инновациялық салалардың бірі саналады. Онда цифрлы технологиялар мен роботтандырылған кешендер белсенді қолданылады. БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылға қарай әлемнің 70% дерлік халқы қалаларда тұратын болады.

ҚАРЖЫНЫ ҚАЙТАРМАУДЫҢ АМАЛЫ БАР МА?

Осы баптың 17-тармағында көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босатылатындар жайлы жазылған. Яғни, жұбайы тұратын, жұмыс істейтін елдімекенде бос орын болмаған жағдайда, I және II топтағы мүгедектер, магистратура, резидентура, докторантураға түскендер, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі баласы бар, сондай-ақ үш жасқа дейінгі баланы өзі тәрбиелеп жатқан адамдар өтеуге міндеттелмейді. ҚР 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» № 480 заңының 11 бабында нормативтік құқықтық актілердің тікелей қолданылуы туралы жазылған. Заңда көрсетілгендей, егер нормативтік құқықтық

АУЫЛ ЖЕҢІЛДІГІНІҢ ЖҮГІ АУЫР

Нұрболатпен бұл жағынан тағдырлас жандар жетерлік. Көпшілігі гранттың өтеуі бар екенін білмегенін алға тартады. Ендеше, заңға көз жүгіртейік. Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі «Білім туралы» заңды талдап берді. Министрлік өкілдерінің жауабында студент пен ЖОО арасындағы келісімшарт оқуға түскенде жасалатыны айтылған. Студент өтейтінін 4-курста білсе де, заңнан аттап өте алмайды. Заң бойынша өтеуі керек. «Білім беру туралы» заңының 47-бабында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жазылған. Оның ішінде, 17-тармағына сәйкес, квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринарлық мамандық бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар жоғары және жоғары оқу ор-

ТАҚЫРЫПТЫҢ ТОҚЕТЕРІ:

Білім сапасының төмендеп кеткенін екінің бірі талқылайды. Оған педагогика мамандығына бөлінетін грант санының көп болғаны да әсер ететінге ұқсайды. Өйткені қай жерде мүмкіндік мол болса, мақсатсыз тапсыратындар көп. Әрі орташа ұпаймен түсіп кетуге де болады. Осыны біліп алған соң, көпшілік мұғалім болуға «құштар» келеді. Грантты өтеу үшін, болмаса бастысы мемлекет есебінен оқу үшін ғана ұстаз болуды көздеген қаншалықты дұрыс? Ықылас пен ынтымыс берілген сабақтың сәні кірмейді. Үш жыл өткенше күн санап жүрген, қалаға қарап «ұлитын» ұстазды көз алдыңызға келтіріңізші. Ұстаз болу – жүректің батырлығы ма, амалдың жоқтығы ма?

Жадыра АҚҚАЙЫР.

Дүйсенбі - Понедельник, 1 шілде

ҚАЗАҚСТАН

03.15 «Пендеміз ғой»
04.15 «Той заказ»



КТК

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25 «Masele»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00,
20.00, 23.30, 03.30 AQPAPAT
10.00 Т/х «Қыздар»
10.45, 20.40 Т/х «Отыңды өшірме»
12.00, 01.40 «Апта»
13.10 Т/х «Ауыл сақшысы»
14.10, 21.40 Т/х «Гүлпері»
16.00, 00.05 «SHANYRAQ»
17.15 «Нағыз қаза – домбыра»
17.35 «Qairly kesh, Qazaqstan!»
18.10 Т/х «Қайран күндер»
22.40 Т/х «Бізбен бірге»
00.55 «Quzyq eken...»
02.40 «Қарекет»

07.05, 03.45-04.30 «КТК қоржынынан»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.20 Т/х «Женнеттің көз жасы»
09.50 «Юрмала»
10.50 Мелодрама «Сестра по наследству»
14.50 Мелодрама «От ненависти до любви»
16.50, 01.10 Т/х «Аталар сөзі»
17.20 «Мерекелік концерт»
18.00 Т/х «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Лесник»
23.30 «Сильнее судьбы»
01.35 Т/х «Женнеттің көз жасы»
03.00 «Әйел қырық шырақты»



ЖЕТИСУ

06.00 «Тамаша»
06.45 М/с «Блинки Билл»
07.00, 10.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.20 «Тур де Хабар»
10.50, 19.30 Т/х «Келінжан»
11.15, 16.00 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Арт Глобал»
12.25 «Мектеп»
13.10 Мегахит. «Пеле: Рождение легенды»
15.00 «Давайте говорить!»
16.45 Д/ф «Бір туынды тарихы»
17.25 Д/ф «Модель Назарбаева»
18.00, 01.00 Т/х «Жұмбақ жандар»
18.45 Т/х «Өгей жүрек»
20.00, 00.30 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Төле би»
22.30 Кино «Небо моего детства»
01.45 «Әсем әуен»

07.05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық»
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Полиция қызметі
11.30 Мультфильм
12.40 Қазақ әні
13.30 К/ф «Әурелен»
14.45 Д/ф «Тайна на Миссисипи»
15.10 А.Исәділдің шығармашылық кеші
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Жалған терроризм»
18.00 Шашу
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
22.35 Д/ф «Марқакөл»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

06.00, 21.00 Т/х «Тандауым сен»
07.00 Аружанмен бой жазу
07.10 Разминка с Аружан
07.20 «Біздің уақыт»
08.05 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Т/с «Акватория»
12.00 X/ф «Я – жених»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 «ТенгеманияNext»
15.00 «Жұлдыздар айтысады»
16.30 Т/х «Қорғансыз»
17.30 «Ruh.kz»
18.00 «Кешіліккен хат»
19.00 Т/х «№309»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
23.30 Т/х «Бір туған»
00.30 Т/х «Жетер»
03.30 «Ән мен әзіл»

05.50, 06.00, 11.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 ӘНҰРАН
06.30, 01.40, 05.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 Кино. «Как я стал русским»
10.00, 13.30 «Әзілдер жинағы»
12.30, 21.00 Сериал «Үш қыздың құпиясы»
14.30 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 М/с «Лило и Стич»
16.00 Т/с «Воронины»
17.50 Т/с «Ивановы – Ивановы»
22.50 Кино. «Қыз Жібек»
02.30 «Келіндер бәйгесі»
03.20 «Ризамын»
04.30 «Әзіл студио»



7 КАНАЛ

06.00 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Сериал «Ангел-хранитель»
17.00 «Пусть говорят»
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Сериал «Братаны-4»
22.00 «П@УТИНА»
00.30 Ночной кинотеатр «Город»
02.30 «П@УТИНА»

06.00, 12.50, 05.00 Т/х «Жаңа Келін»
07.00, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/с «Черепашки – ниндзя»
10.20 X/ф «Закусочная на колесах»
15.00 Т/х «Жазмыш»
16.00 «Кзландия»
16.50 X/ф «Легок на помине»
18.50 Т/с «Охотник за головами»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
00.10 Т/с «Охотник за головами»
02.10 «Спецотряд «Кобра 11»
03.45 «Өз ойым»

Сейсенбі - Вторник, 2 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 09.00, 13.00,
17.00, 20.00, 23.30, 03.30 AQPAPAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 Т/х «Қыздар»
10.50, 20.40 Т/х «Отыңды өшірме»
11.45, 00.50 «Quzyq eken...»
12.35 «JAN JYLYY»
13.10 «Бір фотосуреттің тарихы»
13.25 «Көңіл толқыны»
14.00 Т/х «Ауыл сақшысы»
15.00, 21.40 Т/х «Гүлпері»
16.00, 00.05 «SHANYRAQ»
17.15 Т/х «Бізбен бірге»
18.10 Т/х «Қайран күндер»
22.40 Т/х «Бізбен бірге»
01.40 «Ақсауыт»
02.15 «Қарекет»
03.25 «JAN JYLYY»



ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00, 10.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.20 «Тур де хабар»
10.45, 19.30 Т/х «Келінжан»
11.15, 15.45 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Бабалар ізімен»
12.30 «Журналистік зерттеу»
13.10 «Небо моего детства»
15.00 «Давайте говорить»
16.30, 21.30 Т/х «Төле би»
17.25 Д/ф «Моя Астана»
18.00 Т/х «Жұмбақ жандар»
18.45 Т/х «Өгей жүрек»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
22.30 «Путь лидера. Железная гора»
00.00 «100 минут о любви»
01.40 «Әсем әуен»



АСТАНА

06.00, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10 Разминка с Аружан
07.20 «Kaznet»
07.50, 13.30 Мультфильм
09.50 «Доктор рекомендует»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «Акватория»
14.00 Жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 «ТенгеманияNEXT»
15.00 «Айгүл Иманбаева» концерт
16.30 Т/х «Қорғансыз»
17.30 Ruh.kz
18.00 Т/х «Кешіліккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости 20:30
23.30 Т/х «Бір туған»
00.30 Т/х «Жетер»
03.30 «Ән мен әзіл»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40, 04.15 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Т/с «Круговорот»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Ангел-хранитель»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.15 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Братаны-4»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
00.30 Кино «Город»



КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.20, 01.45 Т/х «Женнеттің көз жасы»
10.00 Новости

10.30 Т/с «Лесник»
12.40, 23.30 «Сильнее судьбы»
14.30 «От ненависти до любви»
16.35, 01.10 Т/с «Аталар сөзі»
17.20 Мерекелік концерт
18.00 Т/с «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 Т/с «Лесник»
03.00 «Әйел қырық шырақты»
03.50 – 04.30 «КТК» қоржынынан



ЖЕТИСУ

07.05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Телесериал «Ақ күң»
11.40 Д/ф «Күшіген»
12.00 Шашу
13.00 Док/сериал «Живые сокровища»
13.30 Құдайбергенновтардың шығармашылық кеші
15.35 Д/ф «Монголия»
16.30 Тағдыр мен тұлға.
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Док/сериал «Миллионеры»
18.00 Шашу
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
22.35 Өмірі өнеге Ә.Қастеев
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

05.50, 06.00, 11.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 ӘНҰРАН
06.30, 05.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30, 22.50 «Әзілдер жинағы»
12.30, 21.00 Т/с «Үш қыздың құпиясы»
14.30 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 М/с «Лило и Стич»
16.00 Т/с «Воронины»
17.50 Т/с «Ивановы-Ивановы»
00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
00.30 Кино «Мұстафа Шоқай»
02.50 «Келіндер бәйгесі»
03.30 «Ризамын»
04.30 «Әзіл студио»



7 КАНАЛ

06.00, 12.50, 05.00 «Жаңа келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/с «Черепашки-ниндзя»
11.00 X/ф «Смешанные чувства»
15.00 Т/х «Жазмыш»
16.00 Т/с «Вероника не хочет умирать»
17.10, 02.10 Т/с «Спецотряд «Кобра 11»
18.50, 00.10 Т/с «Охотник за головами»
21.00 «Лотерея 777»
23.10 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
03.45 «Өз ойым»

Сәрсенбі - Среда, 3 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 09.00, 13.00, 17.00,
20.00, 23.30, 03.30 AQPAPAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 Т/х «Қыздар»
10.50, 20.40 Т/х «Отыңды өшірме»
11.45, 02.00 «Quzyq eken...»
12.35 «Келбет»
13.10 «Бір фотосуреттің тарихы»
13.25 «Көңіл толқыны»
14.00 Т/х «Ауыл сақшысы»
15.00, 21.40 Т/х «Гүлпері»
16.00, 00.05 «SHANYRAQ»
17.15, 22.40 Т/х «Бізбен бірге»
18.10 Т/х «Қайран күндер»
00.55 «Мінбер»
01.35 «Келбет»
02.40 «Қарекет»



ХАБАР

06.00 Тамаша
07.00, 10.00 М/ф «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 Таңғы хабар
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.20 «Тур де Хабар»
10.45, 19.30 Т/х Келінжан
11.15, 15.45 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Важно знать»
12.25 «Алтын бесік»
13.10 Кино «Путь Лидера. Железная гора»
15.00 «Давайте говорить»
16.30, 21.30 Т/х «Төле би»
17.25 «Түркі әлемінің Лидері»
18.00, 00.40 Т/х «Жұмбақ жандар»
18.45 Т/х «Өгей жүрек»
20.00, 00.10 Қорытынды Жаңалықтар
20.30 Online
21.00 Итоги дня
22.30 Кино «Путь Лидера. Огненная река»
01.25 «Әсем әуен»



АСТАНА

06.00, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10 Разминка с Аружан
07.20 «Қош келдінізі!»
08.00, 13.30 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «Акватория»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 «ТенгеманияNEXT»
15.00 Концерт
16.30 Т/х «Қорғансыз»
17.30 Ruh.kz
18.00 Т/х «Кешіліккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости
23.30 Т/х «Бір туған»
00.30 Т/х «Жетер»
03.30 «Ән мен Әзіл»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40, 04.15 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Қайырлы таң»
11.00 Т/с «Круговорот»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Ангел-хранитель»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.15 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Братаны 4»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
00.30 Кино «Город»



КТК

07.05 Кешкі Жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар Жесір»
08.20, 01.45 Т/х «Женнеттің көз жасы»
10.00 Новости
10.30, 21.30 «Лесник»
12.40, 23.30 «Сильнее судьбы»
14.30 «От ненависти до любви»
16.35, 01.10 «Аталар сөзі»
17.10 Мерекелік концерт
18.00 Т/х «Сүйікті Дениз 2»
19.30 Кешкі Жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.00 «Әйел қырық шырақты»
03.50-04.30 КТК ҚОРЖЫНЫНАН



ЖЕТИСУ

07.05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Тұжырым
10.30 Тарих парақтары
11.00 Телесериал «Ақ күң»
11.35 Сырласайық сырғалым
12.00 Шашу
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д/ф «Археология жұмбақтары»
14.20 Концерт «Құс жолы»
16.35 Д/ф «Животные лекари»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монагол Қ.Ислам
18.00 Шашу
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Өмірі өнеге
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

05.50, 06.00, 11.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 ӘНҰРАН
06.30, 00.30, 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30 «Әзілдер жинағы»
12.30, 21.00 Т/с «Үш қыздың құпиясы»
14.30 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 М/с «Лило и Стич»
16.00 Т/с «Воронины»
17.50 Т/с «Ивановы-Ивановы»
22.50 Кино «Біздің қаланың ханзадасы»
01.30 «Келіндер бәйгесі»
02.20 «Ризамын»
03.30 «Әзіл студио»



7 КАНАЛ

06.00, 12.50, 05.00 «Жаңа келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/с «Черепашки-ниндзя»
11.00 X/ф «Легок на помине»
15.00 Т/х «Жазмыш»
16.00 Т/с «Вероника не хочет умирать»
17.10, 02.10 Т/с «Спецотряд Кобра 11»
18.50, 00.10 Т/с «Охотник за головами»
21.00 Лотерея 777+Лотарея 6/49
23.10 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
03.45 «Өз ойым»

СЕМИНАР

МОДЕЛЬДІК ФЕРМА ҚҰРУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

ТАЯУДА КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ, КӨКСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ «АҚЫЛБАЙ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДА ЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫН ӨСІРЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДА МОДЕЛЬДІК ФЕРМА ҚҰРУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ. АТАЛМЫШ СЕМИНАРҒА ӘР АУДАНДАРДАН, АУЫЛДАРДАН ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ, СОНДАЙ-АҚ, «ҚАЗАҚ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕМШӨП ӨНДІРІСІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ» ЖШС-НІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ҚАТЫСТЫ.



«Ақылбай» шаруа қожалығының басшысы Ақберлинов Марат Ақылбайұлы мал қораларын, жайларын таныстыра жүріп, таза қанды ағылшын текті айғырларды, етті ірі қараның бұзауларын көрсетіп, атқарылып жатқан істердің мән-жайымен таныстырды.

«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің етті ірі қара бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, Арынғазиев Берік Серікұлы: «Бұл жобаның атауы – ет бағытындағы ірі қара малын өсіру шаруашылықтарында модельдік ферма құру. Модельдік ферма дегеніміз – заманға сай технологияларды пайдаланатын шаруашылық. Яғни, бекіту станогі, жайылымды электр қоршаумен (электрокзородьпен) қоршау; ультратыбыстық зерттеу сканерлерімен малдың күйін анықтау, өлшегіш жүйе – өзі өлшеп,

бекітетін; жайылымды жақсарту мәселесі – екпінді жайылымдарды жасау. Біз сол жайылымдардың мезгілге сай сызбасын жасап береміз. Сондай-ақ, жем-шөпке қосатын неше түрлі қоспалар бар. Малдың күйін, денсаулығын жақсартуға қандай қоспаларды қосуға болатынын, оны қалай қолдануға болатынын, оның экономикалық тиімділігін түсіндіреміз. Ең үлкен мәселе – ветеринария. Ірі қараға, бұзауға қай уақытта қандай екпе қолдану керектігін айтып, технологиялық сауалдарға да көмектесеміз. Қазақстанда он модельдік шаруашылық бар бүгінгі күнге. Әр шаруашылыққа өзіне бекітілген ғалымдар бар. Атап айтсақ, азықтандырумен айналысатын, жайылыммен айналысатын, ұрықтандыру, ауру түрін анықтап, емдеуге көмектесетін ғалымдар. Бүгін бес ғалым келді. Бүгінгі семинарда барлығы өз білімдерімен бөлісетін болады», – деп мән-жайды түсіндірді.



«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің ұрықтандырушы-мал дәрігері Манат Нұрмолдаев ашық қорада, арнаулы орғынға кіргізілген ангус сиырына ультратыбыстық зерттеу сканерімен күйін, семіздігін, жүктілігін анықтап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Шаруашылық маңындағы егін-жайға барғанымызда, аталмыш ғылыми-зерттеу институтының маманы, жайылым бөлімі қорының жетекші қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Қанат Бақытұлы Шаңбаев: «Модельдік ферманы құрудың бір негізі – шаруашылықтағы малдарды азық-түлікпен толық қамтамасыз ету үшін түрлі әдістерді пайдалануға болады. Мысалы, арпа мен жоңышқаны бір алқапқа ектік. Шаруашылықта бұл әдіс өте тиімді. Жоңышқа кем дегенде бес жыл өседі. Бірінші жылы жоңышқа биік өспейді, піскен арпаны орып аламыз. Екінші жылы жақсы өнім береді. Жоңышқа топыраққа жақсы азот болады. Арпаны орған соң жоңышқаны шауып ала береміз» дей келе, көп компонентті егістік алқабына баруға жол баста-

ды. 43 гектар жерге егілген бес компонентті егінжайда астық тұқымдас пен бұршақ тұқымдас өсімдіктерді араластырып екенбіз. Мұнда сұлы, түйе жоңышқа, қылтықсыз арпабас, беде, бидайық араласып өсіп тұр» деп түсіндірді. Көк майса шөпті жайқалта басқан біздердің байқағанымыз, әр алқапта әртүрлі жағымды иіс танауымызға келді.

Бұдан соң электр қоршаумен (электроизгородь) қоршалған жайылымда емін-еркін жайылып жүрген ірі қараларды байқадық. Мамандар электр қоршауының тиімділігін, пайдасын, құрылғыларын, сондай-ақ, жем-шөп қоспаларына жеке-жеке тоқталып, түсіндіріп берді.

Туған жердің әсем табиғатына тамсанып, семинардың өз мәресіне жеткенін де аңғармай қалыппыз. Дала қосында жайылған дастарханнан дәм татып, бал татыған қымыз ішкен қатысушылар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Айнаш ҚАСЕНОВА.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі бағдарлама, жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр. Білім беру мазмұнын ізгілендіру, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі, жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Өйткені қарыштап дамып келе жатқан техникалық прогресс кезеңде өскелең ұрпақтың білім деңгейі шығармашылыққа сай болуы қажет. Сол себепті ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақ барысын құру, мұғалімдерден көп шығармашылық ізденісті талап етеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі оқушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, іздемпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа заман мұғалімінен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдайда үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманғы мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты бірқатар пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстары жүргізілуде. Талдықорған қаласында «Өрлеу» «Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» Акционерлік Қоғамының Филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен №13 орта мектебінің базасында 2019 жылдың 20-сы мен 30-мамыр аралығында математика пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсы өтті. Бұл курстың мақсаты математика пәні мұғалімдерін еңгізіліп отырған жаңа бағдарламамен таныстырып, жаңа методикалық әдіс-тәсілдерді үйретіп, тәжірибе алмасу. Курс барысында тренер Джарылгамысова Г.С. барын салды. Гаухар Сарсембайқызы өте білімді, өз

ісінің шебері, өте еңбекқор, сонымен қатар талапшыл ұстаз екендігін көрсете білді. Курсқа алғаш келген күннен бастап көкейімізде жүрген көп сауалдардың жауаптарын алдық, жалпы білім беру мазмұнының өзгешелігімен, ерекшелігімен таныстық. Мұғалімдердің сабақ беру үрдісінде негізге алатын үш құжатпен – оқу бағдарламасы, оқу жоспары және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағымен танысып, жұмыс жасадық. Қысқа мерзімді сабақ жоспары мазмұнын ашып, сабақ мақсаттарын дұрыс қойып, одан күтілетін нәтижеге басты назар аударуды, сабақтың әр кезеңін тиімді жоспарлауды үйрендік. Сонымен қатар математика сабағында оқушыларға берілетін тапсырмаларға дискрипторлар құруды, тапсырмалардың орындалуын нақты қадағалап олардың шынайы бағалануына зор мән беруді меңгердік. Сабақ кезеңдерін қалай дұрыс ұйымдастыру, уақытты тиімді пайдалану, тапсырмалардың оқушы деңгейіне сай жоспарлануын талдап, өз тәжірибемізге мол жаңашылдық енгіздік. Мен үшін ең тиімді әрі пайдалы мағлұмат ол оқушыларға сабақ бойы жүргізілетін саралау түрлері болды. Сыныптағы оқушылардың білім деңгейлерінің әр түрлі болатындығына байланысты мұғалім тапсырмаларды үнемі саралап, сараптап отыруы қажет. Оқушылардың білім деңгейлерін үнемі басты назарда ұстап, оларға деңгейлік тапсырмаларды орындатып отыру қажеттілігін жетік меңгердік. Сабақ жоспарларымызға әріптестер мен тренеріміздің берген кері байланыстары арқылы түзетулер енгізіп пысықтадық. Курстың соңғы күнінде әр мұғалім қысқа мерзімді жоспар дайындап, презентациясын әзірлеп өте жақсы қорғады. Курстан өте көп жаңалық, білім алдық. Біздің біліміге деген құштарлығымызды арттырып, дәріс берген тренеріміз жас та болса білімді, өз ісінің шебері Джарылгамысова Гаухар Сасембайқызына айтар алғысымыз шексіз. Алдыңғы білімді өткен біліммен салыстыра, ұшастыра отырып, түсінбегенімізді қайта түсіндіріп, әр тыңдаушының санасына жеткізе білді. Осындай, курстардың аясында ұстаздар түрлі шешімшіл жүрген жағдаяттарды, жауапсыз жүрген сұрақтардың жауабын ала алады. Курс бізді тек білім берудің жодарын үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар өз өміріңді реттеуге, өзгерістерді енгізуге жетелейді деп білеміз.

Гүлназ ЖАНЫМХАНОВА,
Ескелді ауданы Жастар
негізгі орта мектебінің
математика пәні мұғалімі.

ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨПТЕН КҮТКЕН ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТАРЫ ДА БАСТАЛЫП КЕТТІ. БОС УАҚЫТТАРЫН ӘР ОҚУШЫ ӨЗІНШЕ ЖОСПАРЛАУДА. БІРЕУІ АУЫЛҒА АТА-ӘЖЕЛЕРІНЕ ҚЫДЫРЫП КЕТСЕ, ЕКІНШІЛЕРІ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЛАГЕРЛЕРІНЕ ЖАЗЫЛЫП ҮЛГЕРГЕН. ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІН ТИІМДІ ӘРІ, БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ПАЙДАЛЫ ӨТКІЗУДІҢ БІР ТҮРІ – МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЛАГЕРЛЕРІ.

ҚОШ КЕЛДІҢ, КӨПТЕН КҮТКЕН ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС!

Лагердің бұл түрі әсіресе ата-аналар үшін өте ыңғайлы болып табылады. Біріншіден, бала үйден алыс ұзамай – ақ денсаулығын нығайтып, бой жазу жаттығулары арқылы денесін шынықтырып, жаңа достар табу мүмкіндігіне ие болса, екіншіден ата-ананың уайымдауға тағы бір себебі жойылып, балалар лагерде күндізгі уақытын өте көңілді өткізеді. Сондай лагерлердің бірі Талдықорған қаласы, «Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұйымдастырылып, жаздың бірінші күнінен бастап, кішкентай демалушыларға мектеп ұстаздары кеңінен қызмет етуде. Бастауыш сынып оқушылары қабылданатын бұл лагерь маусымның 3-нен маусымның 14-не дейін жалғасады. Күннен-күнге ата-аналар мен оқушылардың қызығушылықтарын арттырып келе жатқан мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінің өзіндік екі аптаға арналған арнайы жоспарлары мен бағдарламалары да құрылып, мектеп директорымен бекітілген. Бағдарламада көздеген мақсат балалардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өткен тарихымен танысу білімін толықтыру болып табылатын қала мұражайлары мен көркемсурет галереясына экскурсиялар, сондай-ақ, әр баланы қуанышқа бөлейтін ойын-сауық орталықтары мен кинотеатрларға бару қарастырылған.



Дене шынықтыру мақсатында лагердегі баланың әр күні таңертеңгі жаттығулардан басталады. Таңғы тоғыздан кешкі беске дейін бала мектеп мұғалімдерінен құрылған тәрбиешілер тобының бақылауында болады, ал денсаулық жағдайларына мектеп медбикесі жауап береді. Сонымен қатар, бүлдіршіндер мектеп асханасынан таңғы ас, түскі ас және бесіндік аспен қамтамасыз етілген. «Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп жанындағы жазғы «Ұлан» демалыс лагерінің демалушылары осы мектеп оқушылары болып табылады. Тәрбиешілер өздеріне таныс ұстаздары болғандықтан ата-аналар да, оқушылар да риза. Лагерь жайлы ойлары мен пікірлері де өте жақсы. Балалар уақыттарының қызықты өтіп жатқанын сонымен қатар, естерінде тек жағымды естеліктер қалғанын айтты. Ал, ата-аналары «Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінің өту барысына дән риза. Өздерінің алғыстары мен тілектеріні ұсыныс-пікір дептеріне жазуда.

Айханым БАҚЫТЖАН,
Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі, лагерь басшысы.

I БӨЛІМ

БӘС

Морж ұйқылы-ояу жүріп атты ерттеді. Болған соң, Наяхан дайындап қойған дорбаны ердің қасына іле салды. Онда не бар екенін қарамаса да, жақсы біледі: түннен қалған, тоңазытылған ет, айран, нан, жуа, жарты шыны немесе одан да аз арақ.

Наяхан сиыр сауып жатыр екен. Жиырмадан астам сиырды жалғыз өзі сауады. Жасы елу бестен ары кетсе де, қуаты қайтпаған әйел. Тамырланып кеткен қолы зып-зып етеді, арық саусақтары сиырдың желінін аямай жұпмалайды. Жанында бұзау тартып Зияда тұр. Жалтақ-жалтақ етіп, Наяханның «жібер» деп айқай салғанын күтіп, шашы түсіп қалған жалтыр, кішкене басын со жаққа қарай қайта-қайта бұра береді.

Қораның артында шабындыққа шықпақ боп, тракторын оталдыра алмай Жасұлан жүр. Ескі трактордың моторына май сіңген кендір жіпті байлайды да, тартып кеп қалады. Мотор ырсыр етеді де, үні өшеді.

– Уй, сорынды...

Жасұлан жақсылап тұрып бір боқтайды да, бәрін қайтадан бастайды.

Үстіне көне шинелді, басына тозығы жеткен далбайды киіп, сары атқа зауықсыз мініп, қойын айдап кетіп бара жатқан Моржға олар онша мән беріп қараған да жоқ. Қабағын түйіп оянатын, бұйра шашты, жуан қойшының таңертең көңілсіз болатынын бәрі де жатқа білетін. Тек Зияда ғана сарғайып кеткен тістерінің арасынан түкірігін шаша:


– Морждарың бүгін ерте шықты ғой, – деп еді, онысын Наяхан естіген де жоқ. Естісе:

– Балпылдамай, тыныш тұршы, ей, – деп зекіп тастар еді. Зияда да содан қауіптеніп ақырын сөйлегендей.

Морж тамыздың салқын таңында, дәурені өткен сары аттың үстінде қойын айдап келе жатты. Күдір-күдір етіп, жайылып бара жатқан отардың дауысы Морждың осында келгеннен бергі өмірі секілді – біркелкі. Арасында бақылдап қоятын текелер мен маңырап алатын қошқарлардың дауысына дейін ұқсас, қайталана береді...

Екі қырдан асып түскен кезде артта қалған ауылдан трактордың гүр еткен үні естілді. Жасұлан байғұс енді оталдырған болды. Қайта шыдамы мықты сол баланың. Таң атпай тұрады да, күн көтерілгенше көк трактормен егеседі. Ақыры жеңіп тынады.

Арқаның Балқашқа қарайғы бұл тұсында малжаю оңай шаруа емес. Шөптің аздығынан бұрын күннің ыстығы қиын. Түнде суып



АРМАН ӘЛМЕНБЕТ

МММЫРҒА

кететін ауа, күн шықса болды, қапырыққа айналады да қалады. Оған жерден көтерілетін құрғақ шаң қосылады.

Алысқа көзін сығырайта қараған қойшының кенезесі кебе бастады. Бойындағы кешеден, алдыңғы күннен, оның алдындағы күндерден қалған арақтың уыты және бар. Жұрт сияқты басы ауырмайды бір жақсысы. Бірақ сол құрғырды жұтып алмайынша миы да жұмыс істеп жарытпайды.

Күн тас төбеге шыққанда Морж қойды күнделікті иіретін жеріне айдап әкелді. Жеті-сегіз терек бір жерге шоғырланып өскен, жанында бұлағы бар, көлеңкелі, қолайлы жер. Күн сайынғы аялдайтын орын.

Қойды иіріп тастады да, бұлақтан бір кесе су алып ішті. Қайнардан бүлкілдеп шыққан тастай су өңешті бойлап, жылжып бара жатты. Дорбаны содан соң барып жая бастаған. Арақты әрірек қоя тұрды. Өзінің әдеті, оразасын ашпайынша не темекіні, не арақты ауызына алмайды. Онысы денсаулығын ойлағаны ма, әлде арақ пен темекіге қырсыққаны ма, оны ешкім білмейді.

Нанның үстіне көк жуаны ұзыннан қойды да, екі бүктеп, ауызға салып жіберді. Бір кесе айранды артынша жұтты. Еттің

де екі паршасын тамсанып отырып шайнай бастады. Қабағы ашылайын деді. Жатқан қойдың ішінен бөлініп шығып, ұзап бара жатқан ешкі-текелерді айқайлап қайырып қояды. Басындағы тер сіңген далбайды шешіп, көптен алынбаған бұйра шашын артқа қайырып тастады.

Тамақтан соң, шалқасынан түсіп жатты да, ащы темекіні бұрқ еткізді. Іштегі түтінді сыртқа үрлегенде алдыңғы тістерінің жоқ екені анық байқалды. Қызыл иегінен басқа ештеңе көрінбейді, ауызы үңірейіп қалған. Тек азу тістері ғана ағараңдайды. Әр жерден тікенектеніп өскен сақалына ақ кіре бастағаны аңғарылады.

Бір мезгілде есіне әлдене түсіп кеткендей орнынан атып тұрды. Жылдам қимылмен сылқылдатып арақты құя бастады. Екі жүз грамдық қырлы стақанды басына бір-ақ көтергенде көзінен жас ыршып шықты. Жұдырығын иіскеп сәл отырды да, «уһ» деп демін бір-ақ шығарды.

Сол рахатымен қисайып жатты да, мызғып кетті. Текелердің бақылдағаны мен жапырақтардың шуылы түсіне араласып, санасына жетіп жатты.

Біраз уақыт өткенде оянып, көзін уқалап ашты да, орнынан

сілкініп тұрды. Өлгінің тағы бір стақанын қағып салған. Содан соң, ыңылдап әндетіп жүріп, тобылғының түбіне байланып тұрған сары атты шешіп алды. Қалған нан мен жуаны, айранның босап қалған ыдысын дорбаға салды да, тура таңертеңгідей ердің қасына іліп қойды. Ортадан төмен қалған шөлмекті қойынға тықты. Далбайды басып киді де, үзеңгіні үзіп жібере жаздап, ауыр денесімен атқа қонды.

– Жас едім, өмірге еркін бойламаған...

Тісі жоқ болған соң, кей әріптерге тілі келмей, сөзі түсініксіздеу шықты. Бірақ оған мән беріп жатпады.

– Күні ертең не боларын ойламаған... Әй, чик, әй! Үй, әкенді...

Шала мас күйде өтетін күндердің тағы бірі түгесіліп бара жатты.

Морж қойдың соңынан еріп отырып, біраз жерге ұзап кетіпті. Тек пойыздың үні жақыннан естілгенде барып, отарды кері қайырған. Темір жолға екі

шақырым қалғанда қожайыны Күресбектің жері бітетінін жақсы біледі. Оның үстіне енді асықпай ауылға қайта беруге де болады. Жеткенше кеш түседі.

Қалған арақты шөлмектің ауызынан қылқылдатып ішіп алды. Көзін жұмып, едәуір уақыт үнсіз қалған. Содан соң барып:

– Уһ, жаным-ай, – деді риза көңілмен.

Өріске келе жатқандағыдай емес, енді аттың үстінде тік отырды. Жілікті денесі атқа мінуге жаралғандай.

– Сен жанымда жүрсең, сен жадырап күлсең...

– Жас қатын алып жатқан бастықтың құрметіне ішем мен, – деді Морж табалдырықта отырып,

– Балқия!

– Әй, мен Балқия емеспін.

– Енді кімсің?

– Наяханмын.

– Мейлі ғой.

Наяхан күліп жіберді.

– Елдің бәрі ұйықтап қалды. Жатсаңшы енді! Ертең таңертең жұмысың бар ғой?!

– Енді арақ берсең, жатам деп отырм ғой.

– Сақауланбай, құрышы әрі. Неғылған арақ? Ішетініңді іштің ғой бүгін.

– Ертеңгіні бер!

– Иә, дұрыс бопты! Содан соң ертең миымды ашытайын деп тұрсың ғой, арғыкүнгіні сұрап... Не деп мыжып отырм өзі. Әйдә, шық бар! Құры, кет!

Наяханның дауысына зіл араласа бастады. Соны сезген Морж орнынан тұрды да, сыртқа шыға берді.

– Адам емес екенсің, Балқия!
– Жарайды, сен-ақ адам бол.

Есікті сырт еткізіп іштен іліп алды. Морж есікті қайта қағатын адамдай біраз тұрды да, ол ойынан айнап, қора жаққа қарай жүрді. Жасұлан арақ ішпейді. Зияда ішеді, бірақ онда да арақ жоқ. Арақ болса, жылқыдағы Қуанда болады. Оған жаяу барғанша бір сағат кетеді. Мотоциклмен бара алмайды, анадайдағы ақ үйде қожайын жатыр. Теңселіп тұрған қойшы біраз ойланып алды да, жаяулатып жылқышыларға тартып кетті.

Ай толық болса да, айнала қараңғы. Аспанда алапесбұлттар ай сәулесін көлегейлеп маңып барады. Жылқышылардың қосына бара жатқан Морждың көлеңкесі бірде еріп, бірде қалып қояды.

Қойшы жүріп өтуі тиіс бір сағаттық жер, одан әріде біраз аумақ – қожайын Күресбектің жері. Өзі аудан орталығында орман шаруашылығының директоры болған деседі. Қазір ол орнында ұлы Берік отыр. Күресбектің өзі осы мал шаруашылығын қадағалайды. Екі күннің бірінде Алматыға барып келеді. Ол жақтан достары келіп тұрады. Кілең өзі секілді жуан денелі, таза киінген, күтінген немелер.

Морж Қуанның қосына жақындағанда мастығы біржола тарап кеткен еді. Тіпті ішке кірмей, артқа қайтуды да ойлап тұрды да, алыстан сығырайып көрінген қостың шамы арбап, кіре шығуды жөн көрді.

Жігіттер әлі дуылдасып отыр екен. Көрші қостан екі жылқышы келген, төрт адам тартқан темекі көне бутканың ішін көк түтін қылып жіберген. Алдарында жартылай желінген ет, туралған жуа, аузы ашылған арақ. Қолдарында қарт. Бұны алдымен таныған Қуан:

– Морж ғой, Морж! – деп жымынды. Басқалары да «Е, бәрекедлі» дегендей қозғалақтап қойды.

– Қартқа көшіпсіңдер ғой, ағайын? – деді Морж төрге оза беріп, – Мына дүниені де реттеген екенсіңдер! – деп арақты нұсқады.

– Сенің қамың ғой, – деді аяқ жақта отырған, таяуда ғана келген Ғабит деген жас жігіт.

– Мынау кім? – деді Морж оның кім екенін жақсы білсе де. Жігіт күлді де:

– Танымай қалдың ба? – деді.
– Сені танитындай Полат

Алимдарсың ба не? – деді Морж жігітке қарай еңкие, бетіне үңіле қарап.

Қалған үш жылқышы мырс-мырс ете қалды.

– Полат емес сияқтысың ғой? – деді де, Морж артқа шалқайып, арқасын қабырғаға тіреп отырды. Ғабит не дерін білмей, абыржып қалды.

– Анауыңнан құйшы одан да! Құй, құй толтырып! Е, азамат! Ал, жігіттер! Бастығымыздың жас тоқалы үшін алып қояйық! Жас қатынға рұқсат берген жеңгеміз Күләйім үшін де алайық!

– Дұрыс айтасың, Морж!

– Бізде бір семья да жоқ, Күресбегің екіншісін құрып жатыр.

– Қатынын көрдіңдер ме? Красавица ғой, ә?

– Айтпа, әкенді... Ақ сазан

– Морж, бір ән айтып берсең қайтеді бізге?

– Айтсақ, атайық. Гитара қайда?

Төменіректе отырған жылқышылардың біреуі гитараны алып кеп, Моржға берді.

– Мынау гитара емес, галстук қой, – деді Морж ескі сары гитараны қолына алып тұрып.

– Қайдағы галстук? Өзің келген сайын ән айтып жүрген гитара ғой?

– Жоқ, мынау – галстук. Гитара боп шаршаған ғой. Енді бұны Сырымның басына кигізіп жіберу керек.

Отырғандар мырс-мырс ете қалды. Тек бұл ортаға кейін қосылған Ғабит қана әңгіменің не туралы екенін ұға алмағандай.

– Моржеке, мына Ғабит Сы-

да әдемі қатындар қараған маған.

– Қайдан білесің Күресбектің тоқалын? Көрген жоқпын дедің ғой?

– Шалға қараған қатын қай бір жетіскен қатын дейсің.

– Әй, Моржым-ай. Көресің ғой ертең. Біздің бастық оңай адам емес екен деп қаласың әлі.

– Үй, бастығыңды...

– Мас болайын деді ғой мынау.

– Мас емеспін, е! Қуан! Мас емеспін, мен! Мен, проста, мас адам сияқты отырм.

– Жарайды, жарайды. Ән айт, содан кейін ұйықтайық енді.

– Мен үйге қайтам.

– Үйге қайтқаны несі. Барғанша мастығың тарап кетіп, арақ іздеп, орта жолдан қайтып кеп



ғой. Біздің шалға қалай қарап жүргенін.

– Солай ма? Мен албасты басып, көре алмай қалыппын ғой бағана. Құй, е, Полат!

– Моржеке, бұл соншалықты жаман жігіт емес. Проста, сенің көңілді кезіңді көріп, өзімсініп қалған ғой.

– Көңілді адам болса, басыну керек деп кім айтыпты бұған?

– Жоқ, ә, көке, басынған емес қой.

– Құрсын, жарайды. Қатын құсап, отырамыз ба сол, өй дегенде бүй деген, бүй дегенде сүй деген деп? Жоқ әлде қатынсың ба? Егер қатын болсаң, бар да Күресбекке үшінші әйел бол!

– Әй, Морж-ай, – десіп отырғандар күліп жіберді. Ғабит те езу тартқан болды.

– Жарайды, бауырым, – деді Морж. – Ондай-ондай болып тұрады. Ең бастысы, сыйластық қой.

Арақ Моржға үшінші мәрте құйылып жатты.

рымның кім екенін білмейді ғой. Түсінбей отыр.

– Сырым деген... Мынаны қараш, міне, – деп Морж тісі жоқ ауызын әшкерелей ыржиып Ғабитқа қарады, – Қандай жігіт едім. Сорлы неме, баласы, інісі үшеуі жабылды ғой. Жалғыз-жалғыздан келсе, тұмсықтарын бұзып жіберер ем...

– Күресбекке дейін сол Сырым дегеннің малын баққан ғой, – деп Қуан қалған әңгімені Ғабитқа сыбырлап түсіндіре бастады, – бір күні бұны ұрлыққа жұмсап, бармағаны үшін жабылып ұрып тастапты. Біздің қожайын сол кезде бара қалған екен, содан бұны Сырымнан сұрап алып, осында алып келген. Оларға бір жұмысшы деген не?! Бере салған көрінеді. Содан бері осында жүр.

– Шашым бұйра-бұйра болып, иыққа түсіп тұратын. Жап-жаспын ол кезде. Любой қызың мені көргенде қарап тұрып қалатын. Күресбектің тоқалынан

жүрерсің.

– Жоқ, ей. Жынды ма. Үйге қайтайын мен. Болды, қайтам демалам.

– Бұл пәле енді айқанын істемей тынбайды ғой.

Ертесіне Морж әдетінше ояныды. Наяхан дайындап қойған дорбаны алып, атына мініп, қойдың соңына түскен. Ойына кешегі оқиғалар әлі оралып үлгермеген де еді. Кенет қызарып, ісіп кеткен көзі қожайынның үй жағына түсті. Үстіне ескі шапан жамылған, қою, қара шашы дудыраған, жап-жас келіншек үйден шығып, түзге кетіп барады екен. Кешегі кешкі жиналыс, түндегі Қуанның үйіндегі әңгімелер қойшының есіне түсе кетті. «Е-е-е, тоқал осы болды ғой» дегендей, келіншек кеткен жаққа бір сәт қарап тұрды да, атын тебініп жүріп кетті.

ОБЯЗАТЕЛЬНОЕ ВНЕДРЕНИЕ АУДИО И ВИДЕО ФИКСАЦИИ ВСЕХ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ПУНКТОВ В ПЛАНЕ НАЦИИ «100 КОНКРЕТНЫХ ШАГОВ» ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ВЕРХОВЕНСТВА ЗАКОНА.

РОЛЬ АУДИО-ВИДЕО ФИКСАЦИИ В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ

Совсем недавно протокол судебного заседания велся секретарем судебного заседания вручную, его практически невозможно было изготовить без поправок, что замедляло судебное разбирательство. Во избежание таких недоразумений, для повышения прозрачности, эффективности, усиления доверия к судебной системе со стороны населения и облегчения работы секретаря судебного заседания и была введена система аудио фиксации. Сначала применялась только аудио фиксация судебных процессов. На смену ей пришли системы аудио-видео фиксации. Новая система АВФ предназначена для технической фиксации судебных процессов с отображением времени начала и окончания заседания, наименования и краткое содержание дела, сведений о действующих лицах, составе суда и другой необходимой информации.



В настоящее время во все судебные залы суда внедрена система аудио-видео фиксации всех судебных процессов. Используемые в настоящее время системы аудио-видео фиксации имеют централизованную систему хранения данных, интегрированы с информационно-аналитической системой «Төрелік».

Поскольку судебный процесс в настоящее время осуществляется с полной и точной записью судебного заседания способствует повышению уровня культуры судебных процессов и уровня доверия к судам со стороны участников процесса.

А.Т. САКЕНОВА,

Главный специалист секретарь судебного заседания
Алакольского районного суда №2 Алматинской области

НАДО БОРОТЬСЯ СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ

Сегодня понятие «коррупция» часто упоминается в журналах и газетных статьях многих изданий мира. Можно сказать что коррупция – это злоупотребление своими полномочиями в личных интересах. Коррупция оказывает негативное влияние на все сферы общества: политику, экономику, социальную сферу. В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры, а также от площади занимаемой территории, плотности, численности населения.

В условиях модернизации экономики и масштабных социальных преобразований в Казахстане была все более очевидна потребность в целостной антикоррупционной стратегии, тесно увязанной с современной социально-экономической политикой государства. В связи с этим, 26 декабря 2014 года утверждена новая Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы. Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение выработать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

В нашем государстве с момента обретения неза-



висимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Так, Казахстан первым среди стран СНГ разработал и принял Закон «О борьбе с коррупцией», который направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности РК от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности

Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.

Марлен КЫРГАБАКОВ,

судья Талдыкорганского городского суда.

НОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ РАЗВИТИЯ ТОРГОВЛИ

Сфера торговли продолжает оставаться лидером по количеству вовлеченных предпринимателей. По словам председателя комитета торговли НПП Кайрата Мажибаева, в ней задействовано 44% бизнесменов, занято 1,3 млн работников. На долю гипер-, супермаркетов и сетей приходится 18% от общего розничного оборота, минимаркеты и магазины у дома занимают 38%, остальной объем – более 40% – это открытые рынки, аптеки, парфюмерные магазины (косметика) и киоски.

Как рассказал Кайрат Мажибаев, в минувшем году «Атамекен» внес законодательные поправки по улучшению условий ведения торговой деятельности. Одно из новшеств связано с отменой ретро-бонусов для социально-значимой линейки товаров в супермаркетах, что автоматически снижает затраты поставщиков.

«В то же время мы понимаем, что нельзя диктовать супермаркетам условия или кон-

кретных поставщиков, с которыми они должны сотрудничать. Есть определенные требования и стандарты, соблюдая которые любой поставщик может попасть на полки магазинов. Наша инициатива заключается в том, чтобы «Атамекен» содействовал обучению этим требованиям. Для этого нужно скоординировать товаропроизводителей и крупный бизнес, чтобы они показывали, разъясняли и помогали. Отдельно необходимо запустить образовательные программы по маркетингу, чтобы предприниматели применяли современные инструменты, повышали узнаваемость своего бренда и завоевывали рынок», – отметил Кайрат Мажибаев.

По инициативе «Атамекена» вступила в силу норма, согласно которой акиматы не просто выделяют места для нестационарных объектов торговли («магазины на колесах»), но и утверждают желаемый маршрут передвижения. Мера актуальна с учетом растущей популярности подоб-

ного бизнеса. Одновременно «Атамекен» внес законодательные поправки, которые пресекают попытки недобросовестных покупателей злоупотреблять своими правами в ущерб бизнесу (отмена возврата акционных товаров по изначальной стоимости).

Серьезным трендом последних лет, по словам Кайрата Мажибаева, становится развитие интернет-торговли. Крупные магазины электронной техники заявляют об увеличении доли онлайн-продаж до 15% и прогнозируют дальнейший рост. Очевидное преимущество онлайн-торговли – это сокращение теневого оборота. Самим предпринимателям выгодно уходить в онлайн и пользоваться освобождением от уплаты подоходного налога.

В свою очередь, Председатель Президиума НПП «Атамекен» Тимур Кулибаев отметил необходимость соблюдения ответственности со стороны владельцев торговых рынков. Помимо извлечения прибыли арендодатели должны обеспечивать условия безопасности продавцов и посетителей, а также соответствие объектов необходимым техническим требованиям.

В целом «Атамекен» намерен максимально консолидировать интересы торговой сферы.

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, перспективы развития торговой сферы обсудили на заседании профильного комитета, с участием Председателя Президиума НПП РК «Атамекен» Тимура Кулибаева.

«Сфера торговли очень широкая – это и магазины у дома, и крупный ритейл, и небольшие рынки. Важно учитывать все интересы через создание отраслевых ассоциаций. «Атамекен» уже начал такую работу на уровне регионов. Ассоциации помогут сформировать консолидированную позицию сферы торговли, которая станет весомым аргументом в диалоге с госорганами», – резюмировал Тимур Кулибаев.

По результатам встречи глава «Атамекена» заявил о необходимости продолжать системную работу по решению проблемы «серого» импорта, поддержке отечественных производителей, повышению конкурентоспособности продукции и выходу на внешние соседние рынки.

Ш. ХАМИТОВ.

ВО ВСЕХ СТРАНАХ МИРА ЗАКОН ИГРАЕТ ВАЖНУЮ РОЛЬ В БОРЬБЕ С НАРКОМАНИЕЙ, НАША СТРАНА – НЕ ИСКЛЮЧЕНИЕ В ЭТОМ ОТНОШЕНИИ. ВСЕ ОСНОВНЫЕ ПРАВОВЫЕ НОРМЫ, РЕГУЛИРУЮЩИЕ БОРЬБУ С НАРКОТИКАМИ, ОТНОСЯТСЯ К УГОЛОВНОМУ И АДМИНИСТРАТИВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ. УЧИТЫВАЯ, ЧТО ПРОБЛЕМА ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЯ НАРКОТИКАМИ КОСНУЛАСЬ ПРАКТИЧЕСКИ ВСЕХ СТРАН МИРА, МНОГИЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА СЕГОДНЯ ПРИЗНАЮТ НЕОБХОДИМОСТЬ РАЗРАБОТКИ ЧЕТКИХ ПЛАНОВ РЕШЕНИЯ ЭТОЙ СЛОЖНОЙ И МНОГОГРАННОЙ ПРОБЛЕМЫ. ИЗ ГОДА В ГОД УВЕЛИЧИВАЕТСЯ КОЛИЧЕСТВО ЛИЦ, ДОПУСКАЮЩИХ НЕМЕДИЦИНСКОЕ ПОТРЕБЛЕНИЕ НАРКОТИКОВ.

Особую тревогу при этом вызывает тот факт, что среди лиц, состоящих сегодня на упомянутых учетах, составляют лица моложе 30 лет и каждый 14-тый несовершеннолетний. Пока же республика испытывает значительные сложности из-за того, что все еще не удается добиться реализации единой государственной политики и стратегии в области преодоления наркомании и наркобизнеса. Хотя многое в этом направлении уже предпринимается. Предстоит добиваться цельности и комплексности всех осуществляемых в этой сфере мероприятий.

В Казахстане борьба с незаконным оборотом наркотиков ведется под постоянным контролем Правительства и непосредственно

Президента страны. Государство выделяет семь основных комплексных неотложных мер:

- приведение национальных норм различных отраслей права, регулирующих те или иные аспекты противодействия наркомании и наркобизнесу, в соответствие друг другу;
- эффективное функционирование единого национального координата по борьбе с наркоманией и наркобизнесом, обладающего необходимым статусом;

- надлежащее кадровое и финансовое обеспечение заинтересованных государственных органов, задействованных в противодействии наркомании и наркобизнесу;
- приоритетное развитие профилактики наркомании и предупреждения наркобизнеса,

ПРОТИВОДЕЙСТВОВАТЬ НАРКОТИКАМ КОЛЛЕКТИВНО

системы медико-социальной реабилитации наркозависимых лиц, предусматривающих консолидацию усилий всего общества;

- изменение оценки деятельности государственных органов, борющихся с наркоманией и наркобизнесом;
- всемерное укрепление и развитие международного сотрудничества и взаимодействия между компетентными органами стран региона;
- расширение привлечения технической помощи международного сообщества, зарубежных государств и международных организаций при реализации конкретных антинаркотических проектов, отвечающих интересам Казахстана.

При этом особый акцент делается на более эффективных, коллективных способах противодействия и защиты от наркобизнеса. Главным приоритетом в области борьбы с наркоманией и наркобизнесом должно быть осу-

ществление масштабной и продуманной политики снижения спроса населения на наркотики и его социальной защиты государством от их насилия. Серьезного осмысления и адекватных решений требуют результаты отдельных исследований, проведенных в среде сотрудников правоохранительных органов республики в связи с реализуемой практикой борьбы с незаконным изготовлением, приобретением, хранением, перевозкой, пересылкой и сбытом наркотических средств и психотропных веществ.

Сегодня борьба с наркоманией ведется что называется «всемирно», в ней задействованы не только медики и полицейские, но и общественные объединения, религиозные конфессии. Цель у всех одна – здоровый образ жизни.

И.И. ЦОЙ,

А.Н. БЕСКЕНОВА,

Эксперты ИСЭ по Алматинской области



Қанағатты Хаттар

ӨТІНІШ

Жүрегіме баспалап ендіңіз де,
Сезімдерге мендегі сендіңіз бе?
Тағдырыммен күн сайын ерегісіп,
Өкпешіл болып барам, көрдіңіз бе?

Жасамаққа бел буып батыл қадам,
Жаныңызға жүгіріп жақын барам.
Қол созудан именем сосын тағы,
Бола қалып өзімше ақылды адам.

Бір күн от боп көңілім, бір күн ызғар,
Иемденіп алғанмын сыртыңыздан.
Алдыңыздан жымындап өте шықса,
Қызғанамын өлердей түлкі қыздан.

Шақырса да қылығын шығарып күз,
Бақытты болайықшы бірауық біз.
Көңілшек боп кеткенім түсініксіз,
Атанып кетер ме екем жылауық қыз?

Жанымды оқыңыз да жұбатыңыз,
Өшпестей боп оюлы тұр атыңыз.
Мен сізді жақсы көрем қатты-қатты,
Өтінем, сіз де мені ұнатыңыз...

РҰҚСАТ ПА?

Сені көріп менің есім ауысты,
Тәтті қиял тағатымды тауысты
Керуені кеудеме кеп қонақтап,
Күн мен түнім ауысты...

Өз ойына өзі жүрген масайып,
Аптығыңды, жүрек, қалай басайық?
Жүрек сүйсе сүйініңдер, адамдар,
Тақпаңдаршы бос айып.

Сұрақ толы жанарлардан жасқана,
Міскін халде дұшпанға да, досқа да.
Бастап кетіп өзің жайлы өңгіме,
Өзімді әрең тоқтатамын, масқара.

«Сүйе алады барлық адам» десек те,
Шын махаббат түсер сынға, есепке.
Жетсе саған балдай тәтті сезімім,
Айналып ап өсекке.

Онда маған одан өткен қорлық жоқ,
Еңсемді езіп ұят төнер «өлді» деп.
Сағынуға рұқсат па екен өзіңді,
Тағы тұр ғой көргім кеп...

ӨЗІМ ҒАНА

Көңіліңнің көк айдыны кең еді,
Мініп алып сезім дейтін кемені.
Қазынасын қарақшыға ұрлатпай,
Өзім ғана жүзіп жүргім келеді.

Тұңғыық тым көрінетін төзіммен,
Ғашықтықтың ғаламаты сезілген.
Қадалмасын хордың қызы келсе де,
Өзім ғана сүйем, жаным, көзіңнен.

Қызғаншақпын мен не деген, масқара,
Құшағыңды аша көрме басқаға.
Өзім ғана жұмақ көрген мекенім,
Одан өзге жердің бәрі тас мола.

Арманымнан алтын арай тарайды, ә,
Өзім ғана батырайын бал ойға.
Бар бақытты сенен ғана табайын,
Сен де сүйтші, Жарай ма?!

* * *

Неткен қиын тағдырыңа бас ұру,
Аласұрған сезімдерді жасыру.
Әрең жеткен бақытыңа қол бұлғап,
Қоштасуға асығу...
Неткен оңай құлай сүю, ұнату?
Оңай емес, ғашықтық дерт сұрапыл.
Үлбіреген үмітінді өлтіріп,

Жүрегінді жұбату...
Неткен тәтті еріндегі отты өбу,
Удай ащы өзегінді өрт керу.
Өліп-өшіп сүйгенінді ұмытып,
Бір-ақ сәтте жек көру...

Неткен ыстық еміренген құшақтар?
Жамылғанмен көңілімің іші ақ қар.
Сағынышқа айналғаның мезгілсіз,
Жүрегімді пышақтар...

Неткен алыс көз жетпейтін арамыз,
Жанымызбен жақын болып барамыз.
Бақытсыздау тағдырымен күрескен,
Бақыттымыз, аға, біз...

ӨКПЕЛЕДІМ

Мен саған өкпеледім,
Жүрегімде бүр жардың, көктем едің.
Арпалыстың арбасын жегіп беріп,
Керек еді ұмытып кетпегенің...

Мен саған ашулымын,
Табиғатқа сая алмай тасу мұным.
Жанымды жеп жүргені-ай жегідей боп,
Сен сыйлаған жалғыз-ақ жасын мұңым....

Мен саған өшігемін,
Тағдырыма тағамын несіне мін?
Кінәнің бәрін іздеп бір өзімнен,
Өкпеге қимай-қимай кешіремін...

Мен сені сағынамын,
Алыстама жанымнан, жабығамын.
Періштенің тілінде өлең жазып,
Төңірге шағынамын...

ҚАШАН?

Жанымнан да жақын әрі бөтенсіз,
Мені қашан сағынады екенсіз?
«Сағындырсаң іздеп барам» дегенсіз,
Кеттік біздер неге үнсіз?
Түн келгенде тұман бүркеп етегің,
Сіз туралы сан түрлі ойға кетемін.

Тепкілейді жүрек көңіл төрімді,
Менен гөрі ай бақытты көрінді.

Кететіндей жанарымнан сізді алып,
Көрмей қойдым оны да іштей қызғанып.

Сізді қайдам, мені ұмытқан шығарсыз,
Мені мазақ етіп алды мұң арсыз.
Сезімдерді тұншықтырып сабылған,
Жаныңыздан кетпей тұрып сағынғам.

Биыл келген тым жылауық екен күз,
Мені қашан сағынады екенсіз?

КҮЗ ЕКЕҮМІЗ

Толтырып ап тұнжыраған көзге шық,
Күз екеуіміз қалдық бүгін кездесіп.

Жапыраққа жазып бүгін наласын,
Айырады ағаш мезгіл арасын.

Есін алған ерке жел мен есер мұң,
Жапырақты жерден биік көтердім.

Тағдыр жолын кешіп болып не түрлі,
Дірілдейді менің жаным секілді.

Алақаным сыйлайтындай бір үміт,
Соңғы демі сабағына ілініп.

Жаутаң қаққан жанарына сыр бүгіп,
Жүгіреді жапырыла дүрлігіп.

Жанғаныммен жалын лаулап жанымда от,
Мың ғұмырды аялауға халім жоқ.

Мен де ұқсасын, қаңбақ ғұмыр, сенімен,
Көшем бір күн тағдырымның желімен...

*«Ақын болу олдағы азап екен,
Тіршілікті тіліне тиіек еткен», – деп өмірден ерте озған, қандас
дауырымыз Еркін Тлияс айтса, «Ақын болу оңай дейлісің, қарағым,
аузыңда жүру сыздаған әрбір жараның», – деп Птелеген Айбер-
генов айтқан. Иә, ақын дейтін арда өнердің жүгі ауыр. Ақынның
да ақыны бар. Өлеңі өрілген өрімдей, ұйқасы шымыр, көркемдігі
көңіліңді баурап алатын шайырлар аз емес. Қазақ – «ақын
халық, батыр халық» дейтініміз де сондықтан. Алтай таудың
дауыры Көктөгайдан түлеп ұшқан көктұйығын Әлипа Адайхан да
арқалы ақындардың бірі. Бірі емес-ау, бірегейі. Мақынға ғана
оқушылар сарайында «Қанағатты хаттар» атты кітабы жарық
көріп, шығармашылық кешін өткізген ақын қыздың бір топ өлеңдерін
оқырманнар назарына ұсынып отырмыз.*

СІЗДІ КҮТТІМ

Білесіз бе?
Мен бүгін сізді күттім,
Сізді күттім өлдерді үздігіп тым.
Өкпеледім өзіме, өзіңізге,
Ізі қалмай кеудемде ізгі үміттің.

Қиялдағы қалқаның халін біліп,
Көрейін дедіңіз-ау сағындырып.
Періште сезіміңнің қауырсынын,
Хат жаздым сағынышқа малындырып.

Деген ем «жібіместей тас қаттымын»,
Арманыңа асылып асқақтығым,
Сергелдең сезіміңнің сері құсы
Жылады жалғыздықтың жастап мұңын.

Тағы бір ай келеді қияқтанып,
Жұлдыздар жатыр оған күй ақтарып.
Көрінесіз, о, ғажап, қалай-қалай
Мен адасқан бал бақыт сияқтанып.

Құбылтып құмбыл заман шырайын көп,
Тұрған шығар тағы өмір сынайын деп.
Бақыттың базарында жүрмін десем,
Сіз маған жабыстыңыз уайым боп...

* * *

Көңілім құлазып көктемсіз,
Жаз да жоқ, жәудіреп жеткен күз.
Несіне еске алам мен сізді,
Сіз мені сағынбай кеткенсіз.

Еніп ап бейуаз пішінге,
Мен жүрмін арпалыс ішінде.
Ойымнан оңдырмай өшірсем,
Кездесіп қаласыз түсімде.

Сыралғы досымдай түн менің,
Есігін қағады түрме мұң.
Жүрекке жармасар қандай бір
Ақыңыз кеткенін білмедім.

Өртейді отыңыз өбектеп,
Сергелдең сезімдер себеп боп.
Жоқ, әлде менің де дәл сіздей,
Қатыгез болуым керек пе еді?

* * *

Тәнті етіп маңғаздық, мәрттігің,
Шаршатты шарасыз шаттығым.
Алыстап кетейін десем-ақ,
Жолымды ториды өңкі мұң.

Күндей боп көрінген өңселім,
Ешқашан бітпейтін ертегім.
Ұмытсам ба екен ө, жүректің
Жұлып ап сен тұрған бөлшегің?

«Сырлы өлем» сияқты ашпаған,
Тамұқтай тағдырым тас маған.
Сәулең елітіп мен жүрмін,
Көре алмай өзіңнен басқа жан.

Өмір-ай өкінбей өтпейтін,
Арман-ай, жақыңсың, жетпейтін.
Мен саған ашып ем жүректі,
Ал, сен ше,
Келмейсің, кетпейсің.

* * *

Арман боп алыстап кеткесің,
Сондықтан жерде емес, көктеңің.
Мен саған қол созып қайтемің,
Білемін, онсыз да жетпесің.

Ақыл мен сезімнің таласы,
Жер менен аспанның арасы.
Сенімен сенделіп қайтады,
Қиялдың жүйрігің қарашы.

Көңілдің көктемін күз жуып,
Жүректі жаралап ізгі үміт.
Тым жақын жүрсек те, арманым,
Жете алмай келемін үздігіп.

Ұмытып өзге өмір шаттығын,
Күтумен жүздесер сәтті мың.
Арқалап ауыр ой мен жүрмін,
Тербетіп теңіздей тәтті мұң.

* * *

Сізді тағы есіме алып жатырмын,
Жан сырымды жалғыздыққа жасырдым.
Сіздің тылсым кеудеңізге сән беріп,
Келіп еді бір шоқ гүл боп ашылғым.

Тағдырыма жүрегімді төсесем,
Оңашада өз-өзімнен өштесем.
Қоштасып ап көріспестей қайтадан,
Сізді тағы сағынғаным несі екен?

Мазамды алып маңғаз мұң мен мол азап,
Сезімді серпіп ойнап жоғалады.
Сіз келсеңіз жүрек келіп орнына,
Жаным сәтке жай табады, о, ғажап!

Махаббаттың майданынан безінген,
Үмітімді оятап ап көз ілген.
Хал сұраған болып келіп өтірік,
Жүрегімді ертіп кетпе өзіңмен.

БӘРІНЕ КҮЗ КІНӘЛІ

Маған ұрысқан сіз емессіз,
Сіз емессіз жылатқан.
Жылатып ап абайсызда,
Шыр-пыр болып жұбатқан.

Айқайлаған сіз емессіз,
Үрейімді ұшырып.
Қарашаның желі ғой деп,
Тұрмын іштей түсініп.

Сағындырған сіз емессіз,
Сап-сары нұр атырап.
Сыбыр-сыбыр қоштасып ап,
Жабырқайды жапырақ.

Сүйдірген де сіз емессіз,
Сіз емессіз өртеген.
Күзбен мен де таныс ем ғой,
Сіз сияқты ертеден.

Ақталуға шарам болмай,
Қалып тұрмын тағы үнсіз.
Алмастырмас ашуына,
Менің аппақ жанымсыз.

Көңілімде қалып қойған
Бұлтар сыздап тұр өлі.
Ұқсағысы келген сізге,
Бәріне күз кінәлі.

МЕДИАЦИЯ - ПУТЬ К ПРИМИРЕНИЮ

Медиация – это способ реагирования на разногласия, на конфликт. Медиация позволяет урегулировать спор таким образом, чтобы не было проигравшей стороны. Современные тенденции разрешения юридических дел и возросшее значение частноправовых механизмов урегулирования гражданских (в широком смысле) споров требует необходимость доктринальной разработки единой системы разрешения и урегулирования правовых споров. В рамках данного подхода медиацию следует отнести как самостоятельный способ урегулирования правовых споров, представляющий собой особым образом организованную процедуру переговоров с участием нейтрального посредника (медиатора), который содействует сторонам в обсуждении условий урегулирования правового спора и принятию взаимовыгодного решения.

Термин «медиация» происходит от латинского слова «mediare», что означает посредничать. Сферой применения медиации являются споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой

и средней тяжести, об уголовных проступках, если иное не установлено законами Республики Казахстан, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства.

При активном обращении к медиации как граждан, так и юридических лиц можно существенно снизить нагрузку на судеб-



ную систему, тем самым повышая качество решения наиболее крупных дел. Суд – процесс публичный, а медиация обеспечивает

конфиденциальность, что не позволяет медиатору разглашать информацию, ставшую известной в ходе процесса без соглашения стороны, предоставившей ее.

При медиации стороны непременно рассчитывают на равные права, а также на них возлагаются равные обязанности. Положениями ГПК закреплено, что для проведения медиации в суде первой инстанции дело передается другому судье. По ходатайству сторон медиация может быть проведена судьей, в производстве которого находится дело. Для проведения медиации в суде апелляционной инстанции дело передается, как правило, одному из судей коллегиального состава суда.

Привлечение медиатора возможно при любом трудовом споре. Преимущество медиации заключается в том, что она позволяет найти выход из тупиковой ситуации, при этом сохраняются трудовые отношения и не наносится ущерб репутации работодателя. Также одним из преимуществ медиации является гарантия соблюдения полной конфиденциальности самой процедуры и принятого соглашения.

Гульжан БЕРИКБОЛОВА,
главный специалист-секретарь
судебного заседания Текелийского
городского суда.

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, ЗА КАЖДОЕ КОЙКО-МЕСТО ЕЖЕГОДНО БУДЕТ ВЫПЛАЧИВАТЬСЯ 122 МРП. АО «ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР» СОВМЕСТНО С РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПРОВЕЛИ ВСТРЕЧУ ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ ПРОГРАММЫ СТРОИТЕЛЬСТВА СТУДЕНЧЕСКИХ ОБЩЕЖИТИЙ. НА МЕРОПРИЯТИИ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ, ПРЕДСТАВИТЕЛИ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, УПРАВЛЕНИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА, АО «РИР «СПК «ЖЕТЫСУ» И УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ.

БУДУТ ВОЗМЕЩАТЬ ЗАТРАТЫ

Как рассказал менеджер АО «Финансовый центр» Алпамыс Сатыбалдин, в настоящее время предпринимателям, которые будут строить или реконструировать здания под общежитие будут возмещены затраты в виде размещения государственного заказа на обеспечение студентов, магистрантов и докторантов местами в общежитиях. Оператором данного механизма определен АО «Финансовый центр».

«Вуз, частный колледж или предприниматель подают заявку в «Финансовый центр» и заключается предварительный договор. Поставщик начинает вводить в эксплуатацию общежитие. После этого ставится обременение на не изменение целевого назначения объекта сроком на 20 лет. После ввода в эксплуатацию общежития заключается трехсторонний договор госзаказа на порталезакупок. И за каждое койко-место нового общежития будет выплачиваться ежегодно 122 МРП. Период выплат составляет 8 лет. При реконструкции здания ежегодно будет выплачиваться 47 МРП», – отметил Алпамыс Сатыбалдин.

Также он подчеркнул, что предприниматель может установить аренду для студентов в зависимости от рыночной стоимости общежития. Кроме того, на территории общежития могут быть предусмотрены коммерческие объекты, как парикмахерские, столовые.

При этом здание остается у собственного общежития.

Участники встречи заинтересовались о ходе реализации механизма в других регионах. Алпамыс Сатыбалдин ответил, что по состоянию на июнь 2019 года заключено 25 договоров в городах Нур-Султан, Алматы, Шымкент, Караганда, Костанай, Тараз, Уральск Актау, Павлодар, Усть-Каменогорск.

Говоря об Алматинской области спикер рассказал, что на сегодняшний день потребность в местах в студенческих общежитиях испытывают 1930 студентов, обучающихся в 9 учебных заведениях. Для решения данного вопроса планируется ввод объектов на 10 земельных участках. По 9 объектам ПСД на стадии разработки.

Ш. БАТЫРОВ.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Первый Президент Республики Казахстан-Елбасы Н.А.Назарбаев перед судебским сообществом поставил четкую задачу: модернизировать гражданское судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий. Значительная роль при этом отводилась развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства ориентированы на наиментальных основ гражданских дел, то есть на охват широкого круга правовых конфликтов, более простые и «повседневные» дела, то есть на охват широкого круга правовых конфликтов, разрешение которых должно быть поставлено под контроль судебной власти.

Упрощенные производства моделируются исходя из социальных потребностей, которые связаны с развитием экономических отношений и необходимостью быстрого взыскания долгов по неисполненным обязательствам, ускоренного применения запретов и ограничений, судебной защитой и констатацией прав и законных интересов.

Упрощенные производства предусматривают простой, понятный и недорогой для большинства слоев населения механизм защиты прав, что вызвано необходимостью обеспечения приспособленности процессуального закона под наиболее широкие категории дел, типовые ситуации, в которые попадает большинство потенциальных участников процесса.

В настоящее время в порядке упрощенного письменного производства рассматриваются дела только по двум основаниям: по исковым заявлениям о взыскании денег, если цена иска не превышает для юридических лиц семисот месячных расчетных показателей,

для индивидуальных предпринимателей, граждан двухсот месячных расчетных показателей; независимо от цены иска по исковым заявлениям, основанным на представленных истцом документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика, и (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору.

Весьма важно, что в рассмотрении гражданских дел по упрощенным процедурам не участвует прокурор, то есть на прямую реализуется 26-й шаг Плана Нации «100 конкретных шагов», предусматривающий сокращение участия прокурора в суде гражданско-правовым спорам для упрощения судебных процедур и ускорения судебного процесса.

Одним словом, упрощение гражданского судопроизводства – залог широкого доступа к правосудию.

Абылай КУРМАНБАЕВ,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС.

ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Трудовой спор – это разногласия, возникшие между работником и работодателем по вопросам применения законодательства о труде, о выполнении условий индивидуального трудового и коллективного договоров, не урегулированные ранее между работником и работодателем.

Основаниями возникновения трудовых споров могут быть разнообразные факторы: объективного и субъективного характера. Факторы объективного характера вытекают из социально-экономической обстановки в республике, вызванные переходом к рыночной экономике, а субъективного характера – из недостаточности знаний трудового законодательства или умышленного нарушения норм закона.

Споры могут быть разрешены сторонами в ходе переговоров путем подбора оптимального для обеих сторон решения. Законодательством предусмотрен порядок разрешения трудовых споров в случаях, если стороны не пришли к единому мнению или не пожелали разрешить его путем переговоров.

Работодатели и работники ежедневно сталкиваются с вопросами в области трудового права. С изменением социально-экономических условий жизни в стране возрастает значимость трудовых правоотношений, а вместе с этим и количество случаев нарушения трудовых прав. Это и несвоевременная выплата заработной платы, и незаконные увольнения, и необоснованный отказ в приеме на работу, и многие другие нарушения трудового законодательства.

К причинам нарушения трудовых прав и как следствие возникновения трудовых

конфликтов можно отнести и слабое знание, а иногда и незнание правовых норм, непонимание механизма правового регулирования трудовых правоотношений. Не только работники нарушают трудовые правоотношения, зачастую и многие работодатели, пользуясь своим положением, предоставленным им трудовым законодательством, попросту злоупотребляют им.

Между работниками и работодателями, являющимися субъектами с интересами часто несовпадающими, а в ряде случаев противоположными, нередко возникают различного рода разногласия. Все они возникают из тех или иных действий, которые потерпевшая сторона намерена рассматривать в качестве правонарушений. Поэтому трудовой спор может возникнуть без наличия в его основе правонарушения. Например, работник, уволенный в связи с его отказом от перевода в другую местность вместе с организацией, оспаривает это решение работодателя, считая увольнение незаконным. В основании этого трудового спора, по мнению работника, лежит правонарушение. Таким образом, виновность другой стороны, а также противозаконность действий, послуживших основанием для указанных разногласий устанавливается не сторонами спора, а специально созданным для его разрешения органом либо судом.

Индивидуальные трудовые споры – наиболее массовый вид разногласий в сфере трудовых отношений между работником и работодателем. Порядок их рассмотрения урегулирован нормативно-правовыми актами, а также Трудовым Кодексом Республики Казахстан.

Берик КОЖАХМЕТОВ,
и.о. председателя СМЭС Алматинской
области.

СОВЕРШЕНСТВУЮТ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО В ОНЛАЙН-РЕЖИМЕ

Как известно, разработка любого законопроекта или проекта нормативного правового акта, которые затрагивают интересы бизнеса, не проходит без участия «Атамекена» и предпринимательского сообщества. Если законопроект касается бизнеса, то он в обязательном порядке поступает на рассмотрение в Национальную палату. Эксперты «Атамекена» изучают мнение предпринимателей, аккумулируют все предложения и замечания, и направляют их в госорганы.

Сегодня участвовать в нормотворческом процессе может любой предприниматель, не выходя из офиса или дома. Для этого на сайте atameken.kz действует специальный проект «Бизнес и Закон», реализованный НПП совместно с компанией «BestProf». Он дает возможность предпринимателям своевременно реагировать на предлагаемые госорганами изменения в действующее законодательство.

Вносить предложения бизнесмены могут сами, либо с помощью экспертов Палаты: под каждым документом указан контактный номер сотрудника, по которому можно позвонить, проконсультироваться и оставить свой отзыв. Аналогичная возможность представлена и в социальных сетях и мессенджерах – Facebook, telegram.

Стоит отметить, что если еще пять лет назад госорганы учитывали порядка 30% предложений бизнеса, то уже сегодня 75%. Это связано с тем, что предприниматели не просто дают экспертизу к уже готовым проектам нормативных правовых актов, а вместе с «Атамекеном» участвуют в их формировании с «нулевого» цикла, то есть уже на стадии обсуждения концепции.

За пять лет работы Национальная палата выдала более 26800 экспертных заключений на проекты нормативных правовых актов, в том числе 569 – по законопроектам. В экспертную деятельность вовлечены не только внутренние структурные подразделения и Региональные палаты «Атамекена», но и Комитеты Президиума, а также 141 аккредитованная ассоциация, – сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей.

Ш. ХАМИТОВ.

УНИВЕРСИАДА – 2019

СПОРТ – ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРЕДІ, МЕРЕЙІН ӨСІРЕДІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2010 жылдың тамыз айында барша қазақстандықтарды Спорт мерекесімен құттықтай келіп, былай деген еді: «Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Осы қағиданы берік ұстанған мемлекетіміз ел халқының ойы сергек, дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасауда. Дені сау ұлт бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Биылғы Жолдауда 2020 жылға дейін Қазақстан халқының 30 пайызын бұқаралық спортқа тарту туралы бастама көтерілді», - деді. Уақыт шіркінде тоқтам бар ма?! Көрінген таудың алыстығы жоқ демекші, тарихи 10 жылды да еңсеріп тастадық. Басқасын айтпағанда осы жылдар ішінде спорт саласының қарыштап дамығанын ешкімде жоққа шығара алмас деген сенімдеміз. Тәуелсіз еліміздің баһадүр, батыр ұл-қыздары әлемдік аренада табысты өнер көрсете білді. Көк байрағымызды өлденеше рет көкте желбіретіп, ел мерейін көтерді де. Оны аз десеңіз 2017 жылы Алматы қаласында Бүкіләлемдік студенттер Универсиадасын ойдағыдай өткізіп, халықаралық деңгейде спорттың Астанасы да атанды. Айтатын әңгіме де, қол жеткізген табыстар да баршылық. Осы ретте, додалы жарыстардың басы-қасында жүрген, өсіресе, Қазақстан студенттерінің Универсиадасын ұйымдастырушысы, әрі қолдаушысы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры, «ҚР-ның құрметті спорт қайраткері, халықаралық дәрежедегі төреші Садық Шоңмұрынұлы Мұстафаевпен кездесіп, студент жастар спортының бүгінгі деңгейі туралы қысқаша әңгімелескен едік.



– Өзіңіз айтқандай Елбасының көрегенді саясатында шек жоқ. Сонау 2010 жылғы көтерілген бұқаралық спорттың даму деңгейі бүгінгі күні айтарлықтай табысты деп айтуымызға толық негіз бар. Қол жеткізген жетістіктеріміздің шет жағасын санап шығу да мүмкін емес. Ең негізгісі еліміз өз тәуелсіздігінің арқасында әлемдік деңгейде өтіп жатқан Олимпиада мен Универсиаданың барлығына да бір кісідей қатысып отыр. Елбасының 2020 жылға дейін әр облыс халқының 30 пайызы бұқаралық спортпен қамтылуы тиіс деген тапсырмасы нақтысында іс жүзінде орындалды десек те болады. Жергілікті жерлерде, өсіресе, шалғайдағы елді-мекенде де спорт алаңдары мен гимараттары кеңінен салынып, ел игілігіне берілуде. Ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында өте жақсы көрсетіліп, кеңінен жазылып та жатыр. Мысалы Павлодар облысында тәуелсіздік алған жылдарда «Ертіс-Баян» өңірінде заман талабына сай келетін спорттық нысандардың саны 3482-ге жеткен екен. Өткен жылдың өзінде бұл өңірде 115 спорт нысаны іске қосылып, жастардың көңілін бір көтеріп тастады. Тағы бір айта кететіні Ертіс өңірінде суда жүзу спортына ерекше мән беріліп отырғандығында дер едік. Бүгінде суда жүзумен кәсіби деңгейде айналысатын 5 мыңдай адам тіркелген көрінеді. Қазақстанның Ұлттық құрама командасының сапында 80 спортшы жүзуден өнер көрсетеді. Өткен жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Павлодарда әлемдік стандарттарға сай келетін жаңа жүзу бассейні бар Спорт кешені де ел игілігіне тапсырылды. Құдай қаласа, алдағы жылы облыс орталығында «Спорт Сити» деп аталатын арнайы спорт қалашығы бой көтеріп, еліміз бойынша ең үздік спорт құрылымдарымен әйгілі болмақ. Міне осындай ірі-ірі жаңалықтарды әр облыстардан да естуге, әрі көруге болады. Олардың қатарына Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл сынды өңірлердің атқарып жатқан ерен еңбектерін де атап өтуге тұрады.

– Жақында өзіңіз басқарып отырған Ұлттық Орталықтың мұрындық болуымен Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен еліміздің жоғары оқу орындары студенттерінің Х жазғы Универсиадасы өтті. Аталған шара төңірегінде әңгіме қозғай отыраңыз...

– Расында, таяуда Ақтөбе қаласында өткен студенттер Универсиадасының өзіне тән ерекшеліктері өте мол болды. Алдымен Ақтөбенің Жастар сарайында «Студенттік спортты ғылыми-әдістемелікті қамтамасыз етудің заманауи проблемалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Іс-шара барысында Қазақстан Ұлттық спорт студенттік одағы мен Беларусь студенттік спорт қауымдастығы арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ, үстiмiздегi жылдың шiлдe айында Италияның Неаполь қаласында өтетiн ХХХ Дүниежүзілік жазғы Универсиада туралы кеңiнен мағлұмат берiлдi. Ал жазғы Универсиаданы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ұйымдастырды. Аталған шара Ақтөбе қаласының 150 жылдығы мен Жастар жылына арналды. Жарысқа еліміздің 62 жоғары оқу орындары ат салысып, спорттың 38 түрінен өзара бәсекеге түсті. Негізінен Универсиада жарысы ағымдағы жылы сәуірдің 3-і мен маусымның 9-ы аралығында Алматы, Орал, Шымкент, Өскемен, Семей, Тараз қалаларында өтіп, қорытындысы Ақтөбе қаласында шығарылды. Ашығын айту керек, еліміз бойынша бұқаралық спортты дамытуда студенттер Универсиадасының қосып отырған үлесі ұшан-теңіз деп айтуымызға толық негіз бар. Әрі оған қатысып отырған жоғары оқу орындарының қатары жылдан-жылға өсуде. Мысалы өткен жылы Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында Жетісу мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткен Х жазғы Универсиадаға еліміз бойынша 52 жоғары оқу орын студенттерінен 359 команда сапында 2943 спортшы қатысса, ал биылғы Х-шы жазғы Универсиадаға 62 жоғары оқу орын студенттерінен 480 команда сапында

4025 спортшы жарыс көрігін қыздырды. Студенттер арасындағы додалы бәсеке спорттың 38 түрінен өтті. Нәтижесінде жалпы командалық есеп бойынша бірінші орынды Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің командасы иеленсе, жүлделі екінші, үшінші орындарды Қ. Жұбанов атындағы мемлекеттік университетінің командасы және І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің командасы өзара бөлісті. Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қ.А.Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеттерінің командалары 4-6 орындарды қанағат тұтты. Универсиада екі айдан астам уақыт ішінде спорттың 31 түрінен 38 рет дүбірлі жарысты өткізіп, көрермен көпшілікке ұмытылмайтын қуаныш сыйлады.

– Шынында, өткен жылы Талдықорған қаласында өткен Универсиаданың



аламан бәйгесінің өте тартысты өткеніне өзіміз де куә болғанбыз. Жылдан жылға студенттер командасының өсіп отырғандығы да қуантарлық жәй. Соған қарағанда жеңімпаздарды марапаттау жағы да көз тартарлықтай болар?

– Дұрыс айтасыз. Әр марапаттың өз орны бар. Биылғы жылы тұңғыш рет Республикалық Универсиаданың жеңімпаздары еліміздің намысын қорғау үшін осы жылы шілде айының 3 мен 14 аралығында Италияның Неаполь қаласында өтетін ХХХ жазғы Бүкіләлемдік Универсиадаға жолдама алды. Жүлделі орындарға берілетін дәстүрлі медальдармен қатар Дүниежүзілік жарысқа жолдама алуды өз басым үлкен құрметтің нағыз көрсеткіші деп есептеймін. Сонымен қатар Универсиада жарыстарын ұйымдастырушылар, жеңімпаздар мен жүлдегерлер, олардың оқытушылары мен жаттықтырушылары Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Алғыс хаты, естелік медальдары және «Дене шынықтыру саласының үздік қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Жалпы Универсиада жарыстары еліміздің жеті қаласында өтіп, 600 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Универсиаданың келер жылғы жарыс жалауы Түркістан қаласында өтетін болды.

– Жақында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғандай еліміздің әр өңірінде табысты еңбек өткен бір топ ұстаз-жаттықтырушылар ҚР-ның Білім және Ғылым министрлігінің марапаттауларына ие болды. Осы жағын кеңінен айтып беруге бола ма?

– Әрине болады. Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы аймақтық дене шынықтыру орталықтары және білім басқармаларымен өте тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Әрдайым республика көлемінде семинар-кеңестер өткізіліп, үздік ұстаздар арасында байқаулар ұйымдастырылады. Өткен жылдың жұмыстары сараланып, келер жылдың міндеттері белгіленіп отырады.

Лайықтылар марапатталып, кемшіліктер сынға алынады. Осы орайда жақында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында «Үздік дене шынықтыру мұғалімі – 2019» республикалық байқауы да өз мәресіне жетті. Марапаттау шарасына Ұлттық ғылыми-практикалық Дене тәрбиесі орталығы мен қоса ҚР БҒМ-нің мектепке дейінгі және орта білім департаменті, Тәрбие жұмысы және қосымша білім басқармасының бас сарапшысы Стелла Ибраева, ҚР «Мектеп спорт федерациясының» төрағасы, ҚР Президенті жанындағы «Жастар саясаты» кеңесінің мүшесі Нұржан Нұрахметов, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының бас директорының оқу тәрбиесі жөніндегі орынбасары, Білім беру магистрі Жангелді Әміргалиев, Алматы облысы Білім басқармасының «Дене шынықтыру спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім берудегі ғылыми-тәжірибелік орталығының» директоры Десет Байділдин қатысып, өз ауақтарында іс-шараға белсенді араласқан ұйымдастырушыларды, номинанттар мен жүлдегерлерді марапаттады.

Сонымен, «Үздік дене шынықтыру мұғалімі – 2019» байқауының жеңімпазы болып Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданының А.Тихоненко атындағы мектептің мұғалімі Абзал Наурызбаев атанса, Жабыл облысынан Дмитрий Воронько, Маңғыстау облысынан Нұрсұлтан Көбен, Ақтөбе облысынан Самғат Есқарин жүлдегерлер санатына қосылды. «Жаңашыл мұғалім» деген атақ Нұрсұлтан қаласының №70 мектеп-лицейінің оқытушысы Асқар Забенюк, «Креативті мұғалім» Алматы қаласының №131 мектеп-лицейінің ұстазы Нәзира Оспангожановаға, «Дене шынықтыру пәнінің шебері» Қапшағай қаласының мұғалімі Айдын Түсіпбековке және «Белсенді спорт ұйымдастырушысы» деген атақ Петропавл қаласының №6 орта мектебінің ұстазы Жандос Қалиұлына тапсырылды.

– Өте керемет екен. Еңбектің өлеңінен барлық мектептерінде футбол ойыны да кеңінен қамтылып отырғанын да жақсы білеміз. Осы жобаның бүгінгі аяқ алысы



туралы да тоқтала кетсеңіз?

– Футбол ойынының өзіне тән ерекшелігін кім болса да жақсы түсінеді. Бұл спорттың түріне барлық адамзаттың қызығушылық танытуы да заңдылық дер едім. Шағын ғана Бразилия мемлекеті осы футбол ойынымен-ақ бүкіл әлемді өзіне қаратып отырған жоқ па?! Осы орайда облыстағы барлық орталық

жетекшілерімен ақылдаса келіп, әрбір үшінші сабақта балаларға футбол ойынын ойнату бастамасын көтергенбіз. Бүгінде нәтиже жаман емес. Республика деңгейінде футбол сабағы кеңінен қолдау тапты. Жақында ҚР Білім және Ғылым министрлігінің мектепке дейінгі департаменті, Инновациялық-талдау және ақпараттық-статистика қызметі, Қазақстанның футбол федерациясы және аймақтық футбол қауымдастық өкілдері орта білім беру ұйымдарының әр үшінші «футбол сабағы» пилоттық жоба жұмысымен танысып, оңды пікірлерін айтты. Нақтылай түссек, мысалы таяуда Қарағанды облысында пилоттық жобаға 80 мектеп, 16095 оқушы және 265 дене шынықтыру мұғалімдері қатысты. Қысқасы бастама қай облыста болмасын оңды жалғасын табуда.

– Жоғарыда Ақтөбеде өткен жазғы Универсиаданың жеңімпаздары тұңғыш рет Италияның Неаполь қаласында өтетін ХХХ-шы жазғы Бүкіләлемдік Универсиадаға жолдама алды дедіңіз. Енді осы әлемдік деңгейде өтетін додалы жарыс төңірегінде де әңгіме қозғай кетсеңіз?

– Универсиада – Дүниежүзілік студенттік спорт ойындары. Мындаған талантты жастардың басын құрайтын бұл ойындар екі жылда бір болып тұрады. Бір жылы қысқы спорт түрлерінен өтсе, келесі жылы жазғы ойындар өтеді. Тарихына келсек, бірінші Дүниежүзілік студенттер ойыны 1923 жылы Парижде ұйымдастырылса, Универсиада деген атау алған алғашқы спорт жарысы 1959 жылы Италияның Турин қаласында өтеді. Міне содан бері Универсиада әлемдегі ең айықты халықаралық бұқаралық спорт және мәдени оқиғалардың біріне айналады. Универсиадаға 17 мен 28 жас аралығындағы студенттер, аспиранттар және жоғары оқу орындарының түлектері қатысады. Қазақстан Универсиадаға 1993 жылдан бері қатысып келеді. Осы жылдар ішінде елімізден 700 спортшы студент қатысып, 125 медальді иемденді. Үстiмiздегi жылы, яғни екі аптадан соң Италияның Неаполь қаласында ХХХ-шы жазғы Универсиада ойындары басталады. Оған Қазақстан, Ресей, АҚШ, Германия, Жапония, Норвегия сынды 170 мемлекеттен 8000-ға жуық студент-спортшылар қатысып, жеңімпаздарға табыстлатын әртүрлі дәрежедегі 222 жиынтық медаль сарапқа салынатын болады. Аталған додалы жарысқа еліміздің 100-ге жуық студент-жастары 9 спорт түрінен – жүзу, оқ ату, спорттық гимнастика, көркем гимнастика, дзюдо, таэквандо, семсерлесу, жеңіл атлетика, садақ ату, тенистен ел намысын қорғамақ. Жастарымыз додалы

жарыста жүлделі орындардан жиі көрініп, Отан намысын әрдайым биікке көтереді деген сенімдемін.

Сұхбаттасқан:
Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің тілшісі.

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Дәлди – шірену, шікірею.
Дәлдүнгір – дудамал, түсініксіз.
Дәлу – көнтеріден жасалатын, бие сауғанда пайдаланылатын шүмекті шелек, ыдыс.
Дәлір – еліру, есіру.
Дәйіс – жеңілтек, тұрақсыз, пәтуасыз.
Дәндүріс – әумесер, жарымес, есер.
Дәркер – зәру, қажет.
Дәргуманда – қатты әсердің үстінде.
Дәремет – шапағат, қайырым, көмек, демеу.
Дәркілдек – парықсыз.
Дәуем – үнемі, ылғи.



ӨНЕГЕ

Адам ішіндегі екі қасқыр



жеңіп отырады.

Бірде қария өз немересіне өмір шындығының бір сырын ашқысы келді:
– Әр адамның бойында екі қасқырдың таласына ұқсас арпалыс жүріп жатады. Бір қасқыр зұлымдықты бастайды: қызғаныш, отты кек, эгоизм, өтірік, өкініш, менмендік. Екінші қасқыр жақсылықты көксейді: бейбітшілік, махаббат, үміт, шындық, қайырымдылық пен адалдық.
Атасы айтқан сөздердің тереңіне шомып, біраз уақытқа ойланып қалған немересі:
– Түбінде қай қасқыр жеңіп шығады? – деп сұрады.
Қария жай ғана езу тартты да, немересіне былай деп жауап берді:
– Екі қасқырдың қайсысын асырайсың, әрқашан сол

КӨЗДІҢ ЗАҚЫМДАНУЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ КЕРЕК?

ДЕНСАУЛЫҚ

«Тілдің көркі – сөз, жүздің көркі – көз» демекші, көз – адамның айнасы, шамшырағы. Алайда құлап немесе бір жерге ұрып, көз ішіне қылау түсіп, яғни көзді жарақаттап алу барлық адамда болады. Сондықтан, көзді зақымданудан қорғай білу керек.

Ал ол үшін...

- Ағаш және темір жұмыстарын жасағанда көзге арнайы көзілдірік кию;
- Жиындарда ашылатын аққайнар (шампан) тығынын адамға қаратпастан және оны сүлгімен ұстап тұрып ашу;
- Отшашу кезде арақашықтықты сақтап, қауіпсіз орынға тұру;
- Қызып тұрған табаға май құйғанда алыстау тұру;
- Кез келген жұмысты істегенде техникалық қауіпсіздікті сақтап, көзді қорғау;



- Химиялық заттарды ашқанда абаймен, шашыратып алмастан ашу;
- Химиялық заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

БРЕНД ЛОГОТИПТЕРІНІҢ ҚҰТІЯСЫ



«Пепси» бұл газдалған сусын «пепсин» ас қорыту ферментінің атына байланысты қойылған.

«Сони» сони латын тілінің «sonus» дауыс деген сөзінен шыққан. Компания басшылары «сони» сөзі құлаққа жағымды естіліп, кез келген тілде жеңіл айтылғандықтан осылай атауды жөн көрген.

«Фольксваген» фольксваген – неміс тілінде «халықтық көлік» дегенді білдіреді.

«Verizon» (әлемдегі ең үлкен телекоммуникациялық компаниялардың бірі) Verizon сөзі латынның «veritus» (шындық) және ағылшын сөзінің «horizon» (горизонт) деген екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған.

«Starbucks» «Starbucks» кофе сауда-саттық корпорация атауын «Моби Дик» романының кейіпкерінен алған.

«Sharp» жапондық электротехника өндіру компаниясы есімін ең алғашқы өніміне байланысты қойған – «мәңгі өткір» («sharp» ағылшын тілінде өткір деген мағына береді) механикалық қалам.

«Sega» Sega сөзі Service Games of Japan сөзінің қысқартылған түрі (Жапония ойын қызметі). Компания алғашында пинпол ойынын автоматпен қамтамасыз етумен айналысқан.

«Reebok» стильдік формада «Rhebok». Ол африкалық антилопа мағынасына түсіндірме ретінде жүреді.

«Nokia» Nokia технологиялық компаниясы бастапқыда ағаш өңдеумен айналысып, кейіннен фин елінің Нокиа қаласында резина шығаруға көшкен.

«Ebay» компанияның негізін салушы Пьер Омидьяр «Echo Bay Technology Group» компаниясына аналог ретінде сайт жасап берген болатын. Сөйтіп Омидьяр сайты «EchoBay.com» атымен тіркемек болады, алайда бұл сайттың есімі бос болмағандықтан қысқартып ebay.com атымен ашқан.

«Кока-кола» кок жапырағы мен кола жаңғағы газдалған сусынға дәмдеуіш ретінде жүреді.

Деректер интернет желісінен алынды

«АЛАТАУ» -

ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ

3 айға – 600 теңге.

6 айға – 1200 теңге.

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ

ҚАЛАЛАР ҮШІН

3 айға – 858, 63 теңге.

6 айға – 1717, 26

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА

3 айға – 914, 49 теңге.

6 айға – 1828, 98 теңге.

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

С РЕДАКЦИИ

3 месяца – 600 тенге.

6 месяцев – 1200 тенге.

ДЛЯ ГОРОДА

НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ

3 месяца – 858, 63 тенге.

6 месяцев – 1717, 26 тенге.

ДЛЯ СЕЛЬСКОГО

НАСЕЛЕНИЯ

3 месяца – 914, 49 тенге.

6 месяцев – 1828, 98 тенге.

Индекс: 16534

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ – редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА – тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ – тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА – тілші

Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс №869

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ